

Толғамы терең
тоқсан жыл



2-бет

«Кеудемде бір
күй шоғын
маздатады...»



5-бет

«Қазақстан
барысына»
жолдама алды



8-бет

Көрінбейтін күретамыр

Күнделікті тұрмыста байқала бермейтін коммуналдық игіліктің кәдірін, әдетте, су тоқтап, жарық сөнгенде ғана сезінетіміз жасырын емес. Ал, шын мәнінде, әр пәтердегі жылу мен таза судың артында мыңдаған шақырымға созылған инженерлік желі мен тынымсыз еңбек жатыр. Сондықтан да, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі инфрақұрылымды жаңғырту мен тозған желілерді жанартуды басты міндет ретінде бекітті. Бұл ауқымды жұмыстың түпкі мақсаты – ескірген құбырларды жаңартып, өңірлердің тұрақты дамуы мен халықтың қауіпсіз тұрмысын қалыптастыру.



Қолымыз жасаған Шығар Аманжол

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңарған желі

Өндірісті өңір үшін бұл мәселенің салмағы орасан. Аймақта өнеркәсіптік қалалар да, моноқалалар да, шағрай ауылдар

да бар. Олардың әрқайсысының тіршілігі су, жылу, жарық, көріз және газ жүйесінің тұрақты жұмысына тікелей тәуелді. Сондықтан, инженерлік желілерді жаңғырту – облыс үшін кезекті нақандық жұмыс емес, әлеуметтік әрі инфрақұрылымдық маңызы зор бағыт.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы сумен жабдықтау және су бұру бөлімінің басшысы Бақытбек Ақпаровтың айтуынша, облыс бойынша сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 4 895,5 шақырымды құрайды. Оның 2



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

513,37 шақырымы қалаларға, 2 382,14 шақырымы ауылдық елді мекендерге тиесілі. Ал, су бұру желілерінің ұзындығы 1 713,11 шақырымға жетеді.

– Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртудағы басты мақсат – тұрғындарға сапалы әрі үздіксіз қызмет көрсету, тозған желілерді кезең-кезеңімен ауыстыру. Облыстағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 1 183,4 шақырым болса, барлық кернеу деңгейіндегі электр желілері 26 887 шақырымды құрайды. Газ желілерінің ұзындығы 640,70 шақырымға жеткен. Оның 410,98 шақырымы Қарағанды қаласында, 229,73 шақырымы Теміртауда орналасқан. Бұл көрсеткіштердің өзі коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту жұмыстарының ауқымы қаншалықты кең екенін аңғартады, – деді Бақытбек Кенжебекұлы.

Тозу деңгейі нені көрсетеді?

Инженерлік желіні жаңғыртудың өзектілігі ең алдымен, олардың тозу деңгейінен байқалса керек. Құбыр мен кабель уақытында ауыспаса, су қысымы төмендейді, жылу шығыны артады, апаттық жағдайлар жиілейді. Сондықтан, бұл саладағы әрбір жоба тұрғынның күнделікті тұрмысымен тікелей байланысты.

Бақытбек Ақпаровтың айтуынша, облыста сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 45,8 пайызды құрайды. Қалаларда бұл көрсеткіш – 56,4 пайыз, ауылдық елді мекендерде – 36,77 пайыз. Ал, көріз желілерінің жағдайы әлдеқайда күрделі. Облыс бойынша су бұру желілерінің тозуы 71,6 пайызға жеткен. Қалаларда бұл көрсеткіш 80,03 пайыз болса, ауылдарда 64,3 пайыз шамасында.

► 3-бет

• РЕСМИ

Тапсырыс тәртібі өзгереді

1 шілдеден бастап Қазақстанда шетелдік интернет-дүкендерден тауар сатып алу тәртібіне өзгеріс енгізіледі. Жаңа талаптар AliExpress, Temu, iHerb және өзге де халықаралық онлайн платформалар арқылы тапсырыс беретін азаматтарға қатысты.

Енді электронды сауда арқылы әкелінетін тауарлар жеке санат ретінде рәсімделеді. Бұрынғыдай құны 200 еуроға дейінгі тауарлар кедендік баж салығынан босатылады. Ал, көрсетілген межеден асқан жағдайда сатып алушы тауар құнының 5 пайызы көлемінде кедендік баж төлейді. Бұған қоса қосылған құн салығы да есептеледі.

Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен тауарды жиі әрі көп көлемде әкелетін азаматтарға бақылау күшейеді. Егер жеткізілген тауар көлемі кәсіпкерлік мақсатта әкелінген деп танылса, онда толық кедендік рәсімдеу жүргізіліп, тиісті төлемдерді төлеу міндеттеледі.

Жаңа тәртіп жеке тұтыну үшін тапсырыс беретін азаматтарға айтарлықтай кедергі келтірмейді. Алайда, онлайн сауда арқылы тауарды тұрақты әрі көп мөлшерде алдыратындар үшін талап күшейе түспек.

– Бұл – өте дұрыс бастама екен. Өйткені, интернет-дүкендерден тауар сатып алуға екіншісі сауатты емес. Осы тұрғыдан алғанда, ел тұрғындарына бұл өзгеріс интернет желісі арқылы сауда жасауға қолайлы болмақ, – дейді қала тұрғыны Айжамал Қанатқызы.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovoy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Инновацияға жол ашқан жоба

Балқаш қаласында 2024 жылдың тамыз айынан бастап, «Корград» корпоративтік қорының бастамасымен және Орталық Азияның «Еуразия» қорының (FECA) қолдауымен «Balkhash STEAM Serpini» жобасы жүзеге асырылып келеді. Осы жылдың ақпан айында жоба аясында «Science Day» фестивалі ұйымдастырылды. Фестивальге қаланың барлық мектебінен командалар қатысып, өздерінің инновациялық жобаларын қорғады. Нәтижесінде, үздік танылған бес жобаға жалпы көлемі 1,5 млн теңгеден грант берілген.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Balkhash STEAM Serpini» жобасы мектептегі білім беру жүйесі-

не заманауи STEAM тәсілін енгізуге бағытталған. Бастама оқушылардың ғылыми-зерттеу және практикалық дағдыларын дамытуға, олардың болашақ мамандықты саналы таңдауына

ықпал етуге әрі педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде үздік деп танылған бес инновациялық жоба гранттық қаржыландыру алып, кезек-ке-



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

зеңімен іске асырылып жатыр. Ал, олардың алғашқы нәтижелері тамыз айында қорытындыланып, тиімділігі бағаланбақ. Қазірдің өзінде жобалар «Таза Қазақстан» бастамасы аясында «Balkhash Tour Fest» фестивалінде көпшілік назарына ұсынылып, көптің қызығушылығын тудырды.

– Егер жобалардың нәтижесі күткен деңгейден көрінсе, әр мектеп өз бастамасын тұрақты түрде жүзеге асыратын болады. Тіпті, кейбір білім ордалары өз тәжірибесін өзге қалалардағы мектептерге ұсынып, жобаны енгізу жолдарын үйретуге дайын. Біздің басты мақсатымыз – оқушылардың зерттеушілік, инженерлік және шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, оларды болашақ мамандықтарына ерте бейімдеу.

► 3-бет

Толғамы терең тоқсан жыл

Судья және сот қызметкері күні мен Қарағанды облыстық сотының 90 жылдығына арналған салтанатты іс-шара Қарағандыда жоғары деңгейде аталып өтті. С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында ұйымдастырылған мерекелік жиынға сот жүйесінің ардагерлері, судьялар, сот саласының қызметкерлері, мемлекеттік органдардың басшылары, қоғам өкілдері мен құрметті қонақтар қатысып, өңірдегі сот төрелігінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан бірнеше буын өкілдеріне құрмет көрсетілді. Мерейлі жиынға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы келіп қатысты.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

— Заң үстемдік еткен жерде тәртіп орнайды. Ал, тәртіп бар жерде қоғамның тұрақтылығы нығайып, азаматтардың ертенгі күнге деген сенімі арта түседі. Бұл — Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидатының негізгі мәні. 90 жыл — жай ғана тарихи белес емес. Бұл бірнеше буын судьялар мен сот жүйесі мамандары жүріп өткен тағлымды жол. Бұл — мыңдаған қаралған іс, мыңдаған адам тағдыры және адамдардың өміріне әсер еткен маңызды шешімдер. Мемлекет азаматтар заңнан қорыққан кезде емес, оның әділдігіне сенген кезде ғана қуатты болады! — деді Ермағанбет Бөлекпаев өзінің құттықтау сөзінде.

Ескерте кетелік, қазіргі таңда облыс аумағында 27 сот жұмыс

істейді. Олардың қатарында облыстық, қалалық, аудандық және мамандандырылған соттар бар. Тек осы жылдың алғашқы үш айында аталған соттар 31,4 мың іспен материалды қарастырып, сот жүйесіне жүктелген міндеттердің ауқымын және азаматтардың әділ сот төрелігіне деген қажеттілігін айқын көрсетті.

Бірақтар сот саласының қайраткерлері мен ардагерлері Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Салтанатты іс-шара барысында сот жүйесінің үздік өкілдеріне ведомстволық марапаттар, Құрмет грамоталары және төсбелгілер табысталды. Мерейтой аясында Қарағанды

облыстық сотының тарихына арналған энциклопедиялық кітап жарық көрді.

Сот жүйесі қызметкерлерін өңір прокуроры Мұрат Тілеубердиев те құттықтады. Ал, Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов өз сөзінде сот билігінің беделін арттыру, оның тиімділігін жетілдіру және азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтетін заманауи цифрлық технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстарға назар аударды.

— Сот жүйесінің дамуында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы ерекше маңызға ие. Ол бүкілхалықтық референдумда қабылданып, 1 шілдеден

бастап күшіне енеді. Заң үстемдігі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау сияқты конституциялық құндылықтар соттар қызметінің берік негізі әрі сот төрелігін жүзеге асырудағы басты бағдар болып қала береді, — деді ол.

Құрметті отставкадағы судья Бәтжан Қасенова отыз жыл өмірін сот төрелігін жүзеге асыру ісіне арнаған. Ол аудандық сот судьясынан бастап қасажиялық алқа мүшесіне дейінгі кәсіби жолдан өтті. Оның айтуынша, соттардың мамандандырылуы құқықтық жүйенің тиімділігін арттыруға үлкен үлес қосты.

— Біздің жұмысымыз аса үлкен жауапкершілікті талап етеді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өңірде кадрлық өзгеріс

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің жүйесінде кезекті кадрлық өзгерістер жүзеге асырылды. Президент Әкімшілігінің келісімімен еліміздің сегіз өңіріндегі аумақтық бөлімшеге жаңа басшылар тағайындалды. Солардың қатарында Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті де бар.



Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметіне сүйенсек, Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу департаментінің басшысы қызметіне полковник Дархан Галымтайұлы Құрақбаев тағайындалды.

Дархан Құрақбаев — Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясының түлегі. Ол құқық қорғау органдарында жиырма жылдан астам уақыт қызмет атқарып, еңбек жолын анықтаушы және тергеуші лауазымдарынан бастаған. Ұзақ жылдар бойы түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, басшылық деңгейдегі лауазымдарға дейін көтерілді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Кәсіпкерлік өрісі кеңейеді

Бұқар жырау ауданында бүгінде ірі өндіріс орындарымен қатар, шағын және орта бизнес те дамып, шаруасы шалқып келеді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Шағын және орта бизнес — кез келген экономиканың қозғалушы күші. Қазіргі таңда біздің ауданда осы саланың 3431 нысаны жұмыс істеп, оларда 8 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл саланың өңір экономикасының өркендеуінде өзіндік үлесі бар. Сондықтан біз оны қашанда қолдаймыз, — дейді Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Оған биылғы өткен алты айдағы көрсеткіштер айғақ бола алады. Бұл кезеңде олардың сауда айналымының көлемі 5,9 миллиард теңгені құрап, нақты көлем



индексі 102,5 пайыз болыпты. Ал, жалпы 2026 жылға белгіленген бөлшек сауда тауар айналымы 14,3 миллиард теңге екен. Өткен жылы Бұқар жырау ауданында кәсіпкерлікті қолдаудың

бірыңғай кешенді бағдарламасы аясында 745 миллион теңгеге 8 жоба қаржыландырылған.

Соның бірі 250 миллион теңге бөлінген «Теміз» ЖШС металл емес минералды өнімдер өндірісін жолға қойса, «Әбікеева» ЖК 20 миллион теңгеге қонақ үй ашып, Үштөбе аулында 120 миллион теңгеге салынған «Супер-Ботакан ясли-балабақшасы» ЖШС жаңа ғимаратына жүзден аса бала қабылданды.

Сондай-ақ, «ДорСтрой LTD» ЖШС жол құрылысына сұраған 150 миллион теңгесі мақұлданып, Ш.Есімованың «Нұрәлі» жеке кәсіпорны алған 65 миллион теңгесін тамақ өнімдерін шығаруға бағыттаса, «К.Серікова» ЖК да 76,8 миллион теңгеге тамақ өнімдері өндірісімен айналысып, «Спецтехника Карағанды» ЖК 30 миллион теңгеге техника сатып алған көрінеді.



Мемлекеттің кепілдік беру механизмі аясында «Jana Jol Service» ЖШС құрылыс салу жобасы да мақұлданып, 26,7 миллион теңгенің қолдауына ие болды.

Енді биыл да аудан бойынша осындай өміршең жобаларға қолдау жасалып, оларды қаржыландыру жалғасуда.

Бұқар жырау ауданы

СУРЕТТЕ: «Супер-Ботакан ясли-балабақшасының» жаңа ғимараты

Сурет ұйымдастырушылардан

Сыпырғышты техника алмастырады

Қарағанды көшелерінде соңғы уақытта өзгеше техникаларды жиі кездестіруге болады. Бұрын тротуарларды қолына сыпырғыш ұстаған жұмысшылар тазаласа, бүгінде олардың орнын шаң мен коқысты сорып алатын заманауи машиналар басып келеді. Қаланың коммуналдық қызметтері арнайы техникалар паркін жаңартып, көшелерді күтіп ұстаудың тиімді тәсілдерін енгізуге кіріскен.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа технологиялардың бірі Қазыбек би ауданында пайдалануға берілді. Бұл — Yangzi S16 сыпыру-вакуум машинасы. Арнайы техника тротуарларды сыпырып қана қоймай, шансорғыш тәрізді ұсақ коқыс, құм мен шаңды сорып алады. Оның тағы бір ерекшелігі — сумен бүрку жүйесінің болуы. Жұмыс кезінде машина жеңіл су шымылдығын жасап, шаң-тозаңның ауаға көтерілуіне жол бермейді. Соның арқасында тазалау жұмыстары тұрғындарға қолайсыздық тудырмайды әрі ауаның ластануын азайтады.

Мамандардың айтуынша, мұндай техниканың өнімділігі өте жоғары. Бір ма-



шина ондаған жұмысшының еңбегін алмастыра алады. Бір сағат ішінде 22 мың шаршы метрге дейінгі аумақты тазалау мүмкіндігі бар. Бұдан бөлек, аккумуля-

тормен жұмыс істейтін техника іс жүзінде шу шығармайды және газ бөлмейтіндіктен экологиялық тұрғыдан да тиімді.

Коммуналдық қызметтердің жұмысы жол мен тротуарларды тазалаумен шектелмейді. Қаладағы аялдама павильондары, жол қоршаулары мен басқа да инфрақұрылым нысандары жоғары қысымды жабықтардың көмегімен жуылып, шаң-тозаңнан тазартылады. Бұл қаланың санитарлық жағдайын жақсартатын, қоғамдық кеңістіктердің сыртқы келбетін де ретке келтіруге мүмкіндік береді.

Арнайы техникаларды жаңарту жұмыстары Әлихан Бөкейхан ауданында да жалғасуда. Мұнда жыл он екі ай пайдалануға болатын Boschung көпфункционалды машинасы сатып алынған. Жаз мезгілінде ол жолдарды сыпырып, үш шетқаның көмегімен жуады. Ал, қыс түскенде қар тазалайтын құрылғымен және жолдарға құм-тұз қоспасын себуге арналған жабықпен жарактандырылады. Яғни, бір техниканың өзі бірнеше маусымдық міндетті қатар атқара алады.

Қазіргі таңда Әлихан Бөкейхан ауданында тазалық жұмыстарын күн сайын 48 арнайы техника мен коммуналдық қызметтердің 100-ден астам қызметкері қамтамасыз етіп отыр. Бұл көрсеткіш қаланың санитарлық жағдайын тұрақты



бақылауда ұстауға мүмкіндік береді.

Қала билігі коммуналдық техника паркін жаңғырту жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастырмақ. Жақын күндері Қарағандыға тағы бір қуатты автошансорғыш жеткізіледі деп жоспарланған. Мамандар мұндай техникалардың көбеюі көшелерді күтіп ұстау сапасын арттырып қана қоймай, ауыр қол еңбегін азайтып, коммуналдық қызметтердің жұмыс тиімділігін едәуір көтеретінін айтады.

Қарағандыда қолға алынған бұл бастама қалалық инфрақұрылымды басқаруда жаңа технологиялардың маңызын көрсетеді. Қол еңбегін механикаландыру, экологиялық талаптарды сақтау және еңбек өнімділігін арттыру — бүгінде коммуналдық саланы дамытудың басты бағыттарының біріне айналып отыр.

ҚАРАҒАНДЫ

Көрінбейтін күретамыр

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Көріз желілерінің тозу деңгейі жоғары екені рас. Жылумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі облыс бойынша 60,3 пайыз. Электр желілерінде де мәселе өзекті. Барлық кернеу деңгейіндегі электр желілерінің тозуы 68,3 пайызға жеткен. Ал, газ желілерінің тозу деңгейі 0 пайыз деп көрсетілген. Себебі, өңірдегі газ инфрақұрылымы енді ғана жылдары салынып, кезең-кезеңімен кеңейтіліп келеді. Тозу деңгейі ең жоғары аумақтар қатарында Балқаш, Саран, Қарағанды, Шахтинск және Теміртау қалалары бар. Мәселен, Балқашта сумен жабдықтау желілерінің тозуы 85 пайыз, су бұру желілерінің тозуы 86 пайызға жеткен. Саранда су құбыры желілерінің тозуы 52,5 пайыз болса, көріз желілерінің тозуы 92 пайызды құрайды. Қарағанды қаласында бұл көрсеткіш тиісінше 57 және 80 пайыз деңгейінде. Шахтинск пен Теміртауда да су бұру желілерінің тозуы 86 пайызға жеткен, – деді басқарма өкілі.

Жаңғырту қай қалаларда жүріп жатыр?

Тозу деңгейі жоғары қалаларда инженерлік желілерді кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары қолға алынған. Басқарма мамандары ұсынған дерекке жүгінесек, биыл сумен жабдықтау және су бұру желілерін реконструкциялау бойынша бірнеше ірі жоба іске асырылуда.

Соның бірі – Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Су» ЖШС су тазарту кешенінің 2 және 3-кезеңдегі негізгі құрылыстар блоктарын реконструкциялау жобасы. Жобаның жалпы құны – 15 млрд 324 млн теңге. Қаржы кредиттік қаражат есебінен қарастырылған. Мердігер ұйым – «Мелиоратор» ЖШС. Нысанды 2028 жылы аяқтау жоспарланған.

Балқаш қаласында да су және көріз инфрақұрылымын жаңарту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қала ішіндегі су құбыры желілерін реконструкциялаудың 2 және 3-кезеңі іске асырылып жатыр. Жобаның жалпы құны – 8 млрд 240 млн теңге. Қаржы облыстық бюджеттен бөлінген. Жұмысты «Мелиоратор» ЖШС жүргізуде. Жобаны 2027 жылы аяқтау жоспарланған.

Сонымен қатар, Балқаш қаласының көріздік коллекторын реконструкциялау жобасы да қолға алынған. Бұл нысанның жалпы құны – 12 млрд 975 млн теңге. Мердігер ұйым – «НС Система» ЖШС. Аталған жобаның да аяқталу мерзімі 2027 жылға белгіленген.

Құрыш қала үшін маңызды жобалардың бірі – Қарағанды – Теміртау су құбырын күшейткіш сорғы станциясын салумен бірге реконструкциялау. Жобаны Теміртау қаласының әкімдігі әзірлеген. Қазіргі таңда ол «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясындағы пилоттық жобалар тізбесіне енгізілген.

Бақытбек Ақпаровтың айтуынша, құрылыс-монтаж жұмыстары биылғы шілде айында басталады деп жоспарланған. Жобаның мақсаты – Теміртау қаласының 175 655 тұрғынын үздіксіз әрі сапалы ауыз



сумен қамтамасыз ету. Жобаның жалпы құны – 9 млрд 564 млн теңге.

Саран қаласында да су құбыры және көріз желілерін жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Мұнда су құбыры желілерін реконструкциялаудың 3-кезеңі және көріз желілерін реконструкциялаудың 2-кезеңі қарастырылып отыр.

Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту тек су және көріз жүйесімен шектелмейді. Өңірде газбен жабдықтау бағыты да кезең-кезеңімен дамып келеді. Қарағанды қаласында «Сары-Арқа» магистральдық газ құбырынан бастап газ тарату желілерін салу жобасы іске асырылуда. Жобаның жалпы құны – 65 млрд 205 млн теңге. Қаржы республикалық және облыстық бюджеттен қарастырылған. Жоба аясында ұзындығы 120 шақырым газ тарату желісін салу көзделген. Нәтижесінде 5 мың тұрғын үй газ желілеріне қосылады.

Бұдан бөлек, Ақтау және Габиден Мұстафин кенттеріне жеткізуші газ құбыры мен газбен жабдықтау желілерін салу жобасы бар. Жобаның құны – 10 млрд 833 млн теңге. Аяқталу мерзімі – 2027 жыл. Жоба аясында 30 шақырым газ желісі салынып, екі елдімекенді газбен жабдықтау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Жылумен жабдықтау бағытында да бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Қарағанды қаласының Октябрь ауданында 3-ЖЭО-дан 1-ОТТП-ге дейінгі 1-кезең жылу магистральдік реконструкциялау жоспарланған. Жобаның жалпы құны – 2 млрд 202 млн теңге. Қаржы Ұлттық қор есебінен қарастырылған. Жобаны 2027-2028 жылдары аяқтау көзделіп отыр.

Сонымен қатар, Қарағанды қаласында ЖТЗ-тен ЖП1-ге дейінгі «Соединительная» жылу магистральдік реконструкциялау, Теміртауда ТМ-3 жылу желілерін жаңарту, Ақтоғай ауданының Шашубай кентінде қазандық салу жобалары бар.

Ұлттық жоба – ұтымды қадам

Мемлекет басшысы көтерген коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі бүгінде өңірлерде нақты жоба-

лар арқылы жүзеге асуда. Соның бірі – «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы. Бұл құжаттың негізгі мақсаты – тозған инженерлік желілерді кезең-кезеңімен жаңарту, коммуналдық қызметтің сапасын арттыру және апаттық жағдайлардың алдын алу.

Кеншілер аймағында да ұлттық жоба аясында жылу, электр, сумен жабдықтау және су бұру бағыттары бойынша бірқатар жоба іске асырылуда.

Жылу энергиясымен қамтамасыз ету саласында биыл ұлттық жоба шеңберінде жалпы сомасы 30,4 млрд теңгеге 4 жобаны іске асыру көзделген. Бұл жобалар 9 шақырым жылу желісін қамтиды. Қазіргі уақытта барлық жоба бойынша конкурстар өткізіліп, мердігерлер анықталған, дайындық жұмыстары басталған.

Электрмен жабдықтау саласында да ауқымды жұмыс қарастырылған. Бытырдан бастап «Қарағанды Жарық» ЖШС пилоттық жобалар аясында жалпы сомасы 18,5 млрд теңгеге 58 шақырым электр желісін қайта жаңарту бойынша 4 жобаны іске асыруда. Сонымен қатар, биыл жалпы сомасы 12,9 млрд теңгеге 60 шақырым электр желісі мен 1 қосалқы станцияны қамтитын 2 жобаны іске асыру жоспарланған.

Бұл бағыттың маңызы ерекше. Себебі, облыс бойынша барлық кернеу деңгейіндегі электр желілерінің тозу деңгейі 68,3 пайызға жеткен. Ал, «ҚРЭЖ» ЖШС желілеріндегі тозу көрсеткіші 95 пайызды құрайды. Аталған компания Қарқаралы, Бұқар жырау, Абай, Осакаров, Нұра аудандарында және Шахтинск қаласында қызмет көрсетеді.

Сумен жабдықтау және су бұру саласында ұлттық жоба аясында бытырдан бері «Қарағанды Су» ЖШС су тазарту кешенінің 2 және 3-кезеңдегі негізгі құрылыстар блоктарын реконструкциялау жобасы іске асырылуда.

Бұдан бөлек, биыл МЭКС электрондық платформасына жалпы сомасы 3 млрд теңгеге 51,5 шақырым су құбыры және көріз желілерін қамтитын 2 жоба жүктелген. Бүгінде мердігерді айқындау бойынша конкурстар өткізілген.

Ал, 2027 жылға арналған жоспар бойынша «қызыл аймақтағы» және қуаты төмен табиғи монополия субъектілері бойынша басым тәртіппен жалпы сомасы 9,908 млрд теңгеге 113,9 шақырым электр, жылу, су және су бұру желілерін қамтитын 9 жоба МЭКС электрондық платформасына жүктеліп, пысықтау сатысында тұр.

Цифрлық бақылау нәтижесі қандай?

Инженерлік желілерді жаңғырту тек құбыр мен кабель ауыстырумен шектелмейді. Қазіргі коммуналдық жүйе үшін цифрлық бақылау, нақты есеп және жедел мониторинг те маңызды. Себебі, апаттың алдын алу, шығынды азайту және ресурсты тиімді пайдалану көбіне желінің жұмысын дер кезінде бақылауға байланысты.

Басқарма өкілдерінің айтуынша, өңірде диспетчерлік бақылау және деректерді жинау жүйесін, қосалқы станциялардың мониторинг және басқару жүйелерін жаңғырту, өңірлік энергетикалық компанияларда WAMS мониторинг жүйесін кеңейту жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, энергия беруші ұйымдарда интеллектуалдық есептеу және басқару жүйелері енгізілуде.

– Қазіргі таңда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту кезінде цифрлық бақылау және мониторинг жүйелері кезең-кезеңімен қолданысқа енгізіліп келеді. Бұл бағытта 2024 жылы 939 құрылғы орнатылды, биыл 540 құрылғы қойылған. Интеллектуалдық есептеу және басқару жүйелері толық енгізілгеннен кейін шығындарды 7,3 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік бар. Жобалардың сапасы да бақылаудан тыс қалмайды. Инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары техникалық және авторлық қадағалау арқылы бақыланады. Нысандар пайдалануға берілер алдында құрылыс нормалары мен техникалық талаптарға сәйкестігі тексеріліп, тиісті сынақтардан өткізіледі, – деді Бақытбек Ақпаров.

Инженерлік желілерді жаңғырту мә-

селесі тариф саясаты тақырыбымен де тығыз байланысты. Себебі, ондаған жыл бойы пайдаланылған құбырлар мен жабдықтарды жаңарту, жаңа желілер салу, сорғы станцияларын, қазандықтарды және қосалқы станцияларды қайта құру қымбатты қаржыны талап етеді.

Сондықтан, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары республикалық және жергілікті бюджет есебінен ғана емес, табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламалары арқылы да жүзеге асырылып келеді.

Басқарма өкілдерінің мәліметінше, жылу тасымалдаушы ұйымдардың инвестициялық бағдарламалары аясында өткен жылы 1 млрд 43 млн теңге көлемінде қаржы игеріліп, 5,55 шақырым жылу желісі реконструкцияланған. Ал, биыл 2 млрд 335 млн теңгеден астам қаражатқа 5,24 шақырым жылу желісін жаңғырту жоспарланған.

Жаңғыртудың нәтижесі қандай?

Инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары толық аяқталғаннан кейін оның әсері ең алдымен, күнделікті тұрмыста байқалады.

Сумен жабдықтау жүйелері жаңартылған жерде су қысымы тұрақталып, ауызсу сапасы жақсарды. Су берудегі үзілістер мен апаттық ажыратулар азаяды. Ал, су бұру желілерін реконструкциялау көріз жүйесінің сенімділігін арттырып, коммуналдық қойақсыздықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Жылумен жабдықтау саласында тозған құбырларды ауыстыру жылу шығынын азайтып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Бұл, әсіресе, қыс мезгілінде маңызды.

Жаңғырту жұмыстарының тұрғындар үшін маңызы зор. Себебі, инженерлік желілердің жаңаруы ең алдымен сол аумақта тұратын халықтың күнделікті тұрмысынан көрінеді. Күнгей шағынауданының тұрғыны Әлішер Зәрубай биыл елдімекенге газ желісін тартылуын көптен күткен игілік деп бағалайды.

– Жыл сайын әр жерде қазба жұмыстары жүріп, инженерлік желілер жаңартылып жатады. Өрине, мұндай жұмыстар уақытша қолайсыздық тудыратыны рас. Бірақ, оның бәрі тұрғындардың игілігі үшін жасалып жатқанын түсінеміз. Биыл Күнгей шағынауданына газ тартылып, көптен күткен қуанышқа кенелдік. Енді оның нақты шапағатын күзден бастап көреміз деген сенім бар, – деді Күнгей шағынауданының тұрғыны Әлішер Зәрубай.

Қарапайым тілмен айтқанда, жаңғыртудың түпкі мақсаты – құбырды ауыстыру емес, тұрғынның өмір сапасын жақсарту. Сондықтан, инженерлік желілерді жаңарту жұмыстары өңірдің инфрақұрылымдық қауіпсіздігіне ғана емес, халықтың күнделікті тұрмыстық жайлылығына да тікелей әсер етеді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ


Инновацияға жол ашқан жоба

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Balkhash STEAM Serpini» жобасының алғашқы жылында 60 млн теңгеден астам қаражат бөлініп, қаланың жеті мектебінен 281 оқушы алты элективті курс бойынша білім алды. Осы кезеңде оқу бағдарламалары әзірленіп, тәжірибелік сынақтан өткізілді. Ал, екінші жылы да бұл жұмыстар жалғасып, жаңа бастамаларға қолдау көрсетілді. Осы мақсатта жобаға 64 млн теңгеден астам қаржы бөлінді, – деді «Balkhash STEAM Serpini» жобасының үйлестірушісі Ерсұлтан Амантай.

Бағдарлама аясында грант иеленген үздік бастамалардың бірі – «Ecopulse: білім беру ортасын цифрлық мониторингтеу» жобасы. Қазіргі таңда жоба 1,5 миллион теңге көлеміндегі гранттық қаржыландыруға ие болып, іс жүзінде жүзеге асырыла бастады. Бүгінде жобаға бес педагог пен 13 оқушы тартылған. Басты мақсат – оқу кабинеттеріндегі жағдайды үздіксіз бақылау арқылы білім беру ортасын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға барынша сәйкестендіру. Балқаш қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі, «Экопульс: білім беру ортасын цифрлық мониторингтеу» жобасының жетекшісі Светлана Харламова өз жобасы жайында таныстырып өтті.

– Әр кабинетке бес негізгі көрсеткішті бақылайтын арнайы датчиктер орнатылады. Олар шу деңгейін, ауа ылғалдылығын, температураны, көмірқышқыл газы мен оттегі мөлшерін автоматты түрде өлшейді. Сонымен қатар, бізге «Экополис» атты ғылыми-зерттеу зертханасы жұмыс істейді. Ондағы барлық параметрлер санитарлық нормаларға толық сәйкес орнатылған. Жоба аясында өзіміздің бағдарламалық қамтамасыз ету жүйеміз – «Dashboard» әзірледі. Бағдарламаны HTML тілінде веб-платформа ретінде жасадық. Алайда,



ол локальді режимде жұмыс істейді. Сондықтан, интернетке тәуелді емес. Барлық мәліметтер осы жүйеге жинақталады. Кейін кабинеттердегі көрсеткіштердің орташа мәні есептеліп, зертханадағы эталондық деректермен салыстырылады. Егер қанда да бір ауытқу анықталса, жүйе бірден хабарлама береді. Бұдан бөлек, әр кабинет бойынша цифрлық жылу картасы жасалған. Соның арқасында мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер оқу кабинеттерінің жағдайын нақты уақыт режимінде бақы-

лап, қажетті шешімдерді жедел қабылдай алады. Мәселен, жүйе «терезені ашу», «желдету жүйесін қосу» секілді ұсыныстар береді, – дейді Светлана Харламова.

Жобаны жүзеге асыру барысында бірқатар техникалық қиындықтар да туындаған. Атап айтқанда, №1 жалпы білім беретін мектептің электр желілері ғимарат салынған уақыттан бері толық қамтамасыз етілген. Ал, жаңа датчиктер мен қосалқы құрылғыларды орнату үшін қолданыстағы электр жүйесінің қуаты

жеткіліксіз. Қазіргі уақытта бұл мәселе кезең-кезеңімен шешіліп жатыр. Мектепте электр сымдарын толық ауыстырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Барлық қажетті жабдықтарды грант ақшасына алынды. Қазір құрылғылар мектептің 10 пилоттық аймағына орнатылған. Үш қабатты ғимараттың барлық бөлігін қамтуға тырыстық. Бастауыш сынып кабинеттерін, кітапхананы, тарих, қазақ тілі, информатика, биология және математика кабинеттерін таңдадық. Олар мектептің әртүрлі нүктелеріне шахматтық тәртіппен орналастырылды. Бұл бізге ғимараттың ішкі ортасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Тамыз айында монтаждау жұмыстары толық аяқталып, жүйе толық іске қосылады. Одан кейін жоба нәтижелерін жұртшылыққа таныстырып, қорытынды есеп береміз. Ал, 1 қыркүйектен бастап мониторинг нәтижелері мектеп сайтында жарияланып, ата-аналар үшін қолжетімді болады, – деді жоба жетекшісі.

Грант жеңіп алған тағы бір жобалардың бірі – қаладағы №4 мектептің «STEM-зертхана: Жасыл оазис» бастамасы. Бұл жоба екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Оның алғашқысы – топырақтың қалпына келтіру және құнарлылығын арттыру. Бұл бағытқа зертхана жетекшісі әрі химия пәнінің мұғалімі Елена Тило жауап береді. Мұнда оқушылар арнайы құрылғылардың көмегімен ғылыми тәжірибелер жүргізіп, топырақтың қышқылдығы деңгейін (рН), электрөткізгіштігін (ЕС), азот, фосфор және калий мөлшерін анықтайды. Ал, екінші бағыт мектеп аумағын көгалдандыруға арналған. Бұл жұмыстарға жоба жетекшісі Ксения Войтенко жетекшілік етеді екен.

– Грант қаражаты есебінен мектеп жанынан заманауи жылыжай салдық.

Қазір онда мектеп алуасын көгалдандыруға арналған түрлі өсімдіктер өсіріліп жатыр. Атап айтқанда, петунья, агератум, тактагүл секілді гүлдер егілген. Сонымен қатар, мектеп ішін көгалдандыру үшін қазтамақ пен оқалыс сияқты бөлме өсімдіктерін өсіруді қолға алдық. Алдағы уақытта оқушылармен бірге микрокөктер өсіруді де жоспарлап отырмыз. Қазір олардың сұранысы жоғары әрі пайдалы тағам ретінде кеңінен қолданылады. Жылыжай фитощадармен жабдықталған. Бұл өсімдіктердің қажетті жарық алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұнда су ресурстарын үнемдеуге арналған тамшылатып суару жүйесі орнатылған. Балқаш өңірінде су мәселесі өзекті болғандықтан, мұндай технологияның маңызы зор.

Жалпы, Балқаштың климаты мен табиғи ерекшеліктеріне барлық өсімдік бейімделе бермейді. Сондықтан, біз алдымен топырақтың құрамын зерттеп, оны құнарландыру жұмыстарын қолға алдық. Қаладағы гүлзарларда өсіп тұрған гүлдердің басым бөлігі біздің жылыжайда өсіріліп жатқан гүл түрі. Біз осы мәселені әріден зерттеген едік. Нәтижесі ойдағыдай шығатынына сенімдіміз, – деді жоба жетекшісі Ксения Евгеньевна.

Аталған жоба білім беру саласындағы тын бастамалардың оқушылардың әлеуетін ашуға, ғылым ізденіске қызығушылығын арттыруға бағытталғанын көрсетіп отыр. Ең бастысы, бұл бастамалар оқушыларға заманауи технологияларды меңгеріп, мәселелерді зерттеп және оларды шешудің тиімді жолын ұсынуға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде бұл жоба зерттеушілерді және ғылымға қызығатын жас буынды тәрбиелеуге бағытталған маңызды алаңға айналып келеді.

БАЛҚАШ

Суреттер автордан

Қазақстанның Халық жазушысы

Жағасы алтын, жеңі жез

(Жазушы Софы Сматаев хақында сөз)

Жуырда жылдар бойы жинақталып қалған қағаздарымды ақтарып отырып, «Егемен Қазақстан» газетінің 1991 жылдың 22 мамыр күнгі санында жарияланған «Запыран» атты мақалама көзім түсті. Сәл шағындау қаріппен терілген төменгі тақырыпшасы «Софы Сматаевтың «Зар заман» драмасы» хақында» деп аталады екен. Қазақтың үлкен қаламгері Софы Сматаевтың бұл күндері сексен бес жастың сенгіріне шығып жатқанынан хабарлар басым жылдар табымен сарғыш тартқан бұл газет қиындысын аттап кете алмадым. Ол мені осыдан отыз бес жыл бұрынғы күндерге жетелеп әкетті...

Иә, дәл осы жылдары Шерхан Мұртаза аға еліміздің бас газетінде Бас редакторлық қызмет атқарып жатқан болатын. Ақын Аян Нысаналин әдебиет және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ал, біз – бүгінде ғұлама ғалым Күлбек Ерғобек екеміз, қарауындағы қызметкерміз. Содан бір күні біз пақырыңызға Бас редактордан «бүгін кешке Әуезов театрында Софы Сматаевтың драмалық шығармасының премьерасы болады, соны көріп жазуың керек» деген пәрмен түсті. Осының алдында ғана Аян аға екеміз жұмыстан соң елеулі жасқа толып жатқан Тұманбай ақынның үйіндегі қонақтық салтанатқа баратын болып келіскенбіз. Жолшыбай театрға соғып, халқымыз зар кешіп, запыран құсқан заман көрінісін көз алдымызға әкелген трагедиялық туындыны көрдік, әрі қарай тойдың ең қызған шағында ақын үйіне жеттік...

Қазір санап отырсақ, бұл Софы ағаның ердің жасы елуге толып, нағыз кемеліне келіп, кербестісіне мінген шағы екен. Енді мақаладан бір үзік келтірейін: «Жазушы-драматург Софы Сматаевтың «Зар заман» трагедиясы ер етегімен сел кешіп, ат ауыздығымен су ішкен сол бір сұрапыл заманның ащы запыранын қозғайды. Қазақ ССР-інің халық әртісі Райымбек Сейітмөтовтің куәлігіне жүгірсек, бұл Софы каламынан аттай жиырма бес жыл бұрын дүниеге келген туынды». Бұл үзік сөздің кереметі – жазылу шеберлігі жағынан әдебиет шаршысына толған драманы ағамыз уыздай жиырма бес-ақ жасында жазған болып тұр ғой. Қара сөздің хас шебері Шолохов та әйгілі эпопеясының алғашқы томын осы мұғдарда қағазға түсірген. Ол ордалы ойлар орныққан осы шығармасында орыс қауымы бастан кешкен дауылды драмалық шегіне жеткізе сипаттаса, Софы аға әйгілі «Елімай» трилогиясында қазақ жұрты бастан кешкен тұтас дәуірді кең тыныс, кемел жүріспен кескіндейді. Талант табиғаты туыстас, дарын болмысы дөңкерлес келеді дегеніміз осы емес пе?! Кім қалай қабылдауды өзі білсін, өз басым қарастырылған кезең мен талқылаған тақырыбының арқилылығына қарамастан, «Тынық Дон» мен «Елімай» шеңберіне атап өтуден еш тартынып отырған жоқпын. Мәселе авторлардың қозғалған тақырыбының ұқсастығында емес, қос шығарманың дем-тынысы мен қозғалыс кеңістігі байтақтығымен бауырласып, заманалық панорама жасауында.

Ал, біз сөз еткен «Зар заман» мезгіл

суырмасында ондаған жыл сүрленіп барып, сахнаға төріне шыққанына қарамастан, атадан арман болып қалған ел тәуелсіздігіне енді ғана қолымыз жетейін деп тұрған толқымалы шақта замана тілегін дөп басқан туынды болып шықты. Өйткені, аталған драманың да аңсарынан азаттыққа деген арман-леп аңқып тұрған болатын. Гажабы сол – жазушының жасөспірім кезінде қағазға түсіп, одан бері алпыс жылдан аса уақыт өтсе де, онда қозғалған кейбір проблемалардың қоғамымызда әлі де өзекті екенінде.

Сарыарқаның сірне топырағында дүниеге келіп, жарық жалғанға сол топырақтан дарыған дара қасиеттерімен көз тіккен Софы – тумасынан ақын адам. Оқи бастағаннан-ақ өрме өлендей жетелей жөнелетін төгілме тіл, төңкерілген түйдектер – оның шығармашылығының басты ерекшелігі. Прозасы жорғасынан жаңылмайтын жырдай оқылатын мұндай қалам иесі ісі қазаққа сирек десек артық емес. Құлашын қиянда жатқан байтаққа созылған қара сөздің қағаны бүгін де өлеңмен өзектес, жырмен жөргемдес өмір кешіп келеді. Оның проза мен драмдан басқа, құлашын кеңге шапқылатқан, тұмасын тас жартастан атқылатқан рубайлары мен қоғамның ой-шұңқырын қатар қамтыған ой-толғамдарының өзі бір төбе. Ал, тұтас томдарға жүк болған поэма-дастандары мен лирико-философиялық жырлары кәсіптік сыншылардың талайына азық болар қонды да қомақты дүниелер. Бұған мысал ретінде оның ертеректе жарық көрген, бір дәуірдің жетістігі мен кемістігін қапысыз толғаған «Мен тірімін» атты бір томдық поэмалар жинағын атап айтар едік.

Софы Сматаев – бір желіге байланып қалмай, әдебиеттің әр жанрында, бар жанрында байрағы биіктен көрінген суреткер. Ол – қаламын кең тынысқа жетелеген өңгіме, повесть, романдарын былай қойғанда, ойы тотияйындай ойып түсер рубайлар мен қиянатты қиып түсер қылқапқандай публицистиканың, дйттеген жеріне даналық дәнін себетін драмалар мен халқының ғана қамын шегетін жыр-дастандарын толассыз туындатқан жанкешті жазушы. Жұртының жоғын түгендеймін деп, өзінің керегін кері ысырған кеңқолтық, кемел ер. Ел тәуелсіздігін нығайтуда қаламын бір сәтке де құрғатпаған, шындықты айтар кезде бір қадам да шегініп кетпеген шерлі де зерлі қаламгер әлі де әділет жолынан айнымайтын асау мінезіне бағып,



Туған ауылы Киіктіде: әке рухымен сырласу

ақиқаттың арғымағынан түспей келеді. Сонысымен сүйсінтеді.

Софыкең шығармаларына әу бастан ұлт мұратын, қазақ қамын арқау еткен қаламгер. Ол бұл ұстанымына, тек, шығармашылықта ғана емес, күнделікті өмір сүру салтында да берік болған берен. Ішкенге маз, жегенге тоқ тұтынушылық әдеттен алты көш алыс жүретін жампоз жаратылыс дүниеауи төбетті тәрк етіп, басқаның бағын арттыруға барын салудан бір танған емес. «Жұлдызда» қызмет еткен жасаң жылдары қазақ әдебиетінің дамуына, оның шығармашылық жас күштермен толығуына қамқор болса, партияның Орталық Комитетінде жұмыс істеген жылдары қазақ руханиятының үлкен-кіші тұлғаларын қаңқу сөзден, қаңғыма «оқтан» қорғауға барын салды. Сол мінезімен жау да тапты, досқа да кенелді. Өйткені, ол үшін қоразданатын лауазымнан гөрі, қорғауды күтетін шындыққа болысу мұрат болатын.

Осының бәрі денсаулығына да салмағын салмай қалған жоқ. Бірақ, соған қарамастан, тумасынан жазу үшін жаратылған жан қаламын бір сәтке де қалғытпады. Асау ағынға қарсы жүзетін бекіре балықтай айтарын алғасыз айтып, жазарын жалтақтаусыз жазды. Әрине, еңбек өнімділігі жөнінен қазақ әдебиетінде ұлы Мұхтар Әуезовке тең келер жазушы жоқ. Дегенмен, одан кейінгі жемісі бұтағын майыстырған санаулы саңлақтардың алдығы легінде отызға тақау кітап жазған Софы Сматаев тұрғанын мойындауымыз керек. Бұл – жалаң цифр, жадағай жазбалар емес, көркемдік кестесі келіскен, қозғалған мәселесі кеніштен сапалы да салмақты туындылар болатын.

Біреулер өмірге де, өнерге де өз өл-

шемі, өз көзқарасымен қарайтын Софы ағаны оппозиционер қатарына қосуды да мүмкін. Түбірінен қате түсінік. Біздің билік – қазақ елін көркейтуді мұрат еткен билік. Софы сол мұратты одан әрі айқындай түсейік деді. Біздің ел демократиялы, зайырлы ел. Софы соны одан да әрі демократиялы, одан да әрі зайырлы етсек деп талпынды. Біздің тәуелсіздік – байтағымызды Мәңгілік елге ұластыруды қалайтын тәуелсіздік. Софы соны одан да әрі бекемдеп, баянда етуге шақырды. Бар айырмашылық осы ғана. Сәл де болса жақсара түссін, сәл де болса жаңара берсін деген тілек. Мұны біреу түсініп, біреу түсінбеген болар. Бірақ бір нәрсе анық – жазушы мұраты жалпақ жұрттың де, оның биліктегі ақыесімен де бірге болатын. Осындайда алаштың бір арыстаны Әлімхан Ермековтің Сәкен туралы айтқан керемет сөзі еске түседі. Ол сөз: Бізге қарсы жағалауда тұрса да Сәкеннің ұлтшылдығы біздікінен де артық еді – деп келуші еді. Кеңес кенесінің төрінде жүрген Сәкен ағалардың кезінде алаштықтарға ештеңе бермейміз деп шешім қабылдағанын да білеміз. Сөйтп, алаш арыстары ақшадан да, басқадан да қағылған. Соған қарамастан, түп мұраты ұлт ұпайын түгендеу болған екі тараптың да есті азаматтары бір-бірінің бағасын біліп, қадірлес болғанына қалай сүйсінесің?! Софыағанды да осындай ірілік тұрғысынан түсінсек еді-ті...

Заманымыздың заңғар ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Ойлы жас, өлең менің сырласымдай, сырласам да құмарым жүр басылмай, айтып өткен ақынды арман бар ма, жүрегінің түбіне кір жасырмай» деп келетін өлеңін шайыр шығармашылығын құрмет тұтатын әр оқырман білсе керек. Осы тұрғы-

дан алғанда Софы Сматаев бақытты жазушы. Өйткені, бұл да кешегі айтам дегенін айтып, жазам дегенін жазып үлгерген ұлы Мұхтар Мағауин замандасы сияқты, жазған жілікті дүниелерін қат-қат том қылып, қауымына ұсынып үлгерген ырысты жан. Басқа басқа, дәл Софы сүлейдей «жүрегінің түбіне кір жасырмай» ақтарылған ақын, бапты ағылған жазушы кем де кем шығар. Тон да тозады, торқа да азады, бірақ құрыш қаламмен қашалған сөз қадамын қырағи сөзбақ, алысқа адымдамақ. Софы саңлақтың қаламы сондай қалам.

Әрине, қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан аяулы аға сексен бес жасқа толған тұста біз айтып жатқан аз сөз – оның шығармашылық өлемінің бір шалғайын да қамти алмасы анық. Замана қалыбына сыя алмай, ұлтының ұлық орнын биіктен көруге асыққан заңғар жазушының көркемдік кеңістігі жөпелеме лепестің шаруасы емес. Бұйырса, үлкен жазушының әдебиеттегі ұлық орнын кейінгі жас буын – жасампаз буын анықтап, алтын тағына қондыратын болады. Біздікі жазушы тұқырының белесті сөтіне деген игі ниет, ізгі тілек қана. Сондықтан, бұдан отыз бес жыл бұрын жазылған мақаладан басталған әңгімені сол материалдың «ханяғын басы қанына қарайған сұлтанның қанжығасында кетті» деген жерінен тартып, елді ауыз-біршілікке үндетін тұсымен тұжырсак дейміз: «Зар заман» әлеуметті елдікке шақырумен құнды туынды. Өйткені, кеше керек болған бірлік бүгін де керек. Кеше кескілескен шайқас бүгін де жүріп жатыр. Басын алдырған Әбілқайыр ма, Барақ па? Айырмасы не? Айналы келгенде екеуі де өз бауырың ғой. Кешегінің бәріне салауат, бүгін... бүгін бірінің басың бірінің қанжығанда кетіп қалып жүрмесін, халқым, – деген ой түісіең спектакльді көре отырып».

Алайда, арада ондаған жылдар өтсе де мақалада жазушы шығармасы туғызған алаң-көңіл әлі де өзекті секілді. Жазушының тарих тағылымы тұрғысынан қозғалған ауызбіршілік, алға ұмтылушылық мәселесі әлі шындай түсуге шақырып тұрғандай.

Сонымен, шығармалары қауымын бәле-жаланың жұлмыр жесбенен қорғап, ұлттық намыс пен ұлы жігерге жетелейтін жағасы алтын, жеңі жез ағамыз сексен бестің сенгіріне көтеріліп, жасампаз жұрттымен жүздесуді ұйғарыпты. Халқыңызбен қабысып, қалаулыларыңызбен табыса беріңіз, тарлан аға. Сіздің ұлы қаламыңыздан ақтарылған алапат еңбек классик деген керемет атақтан да жоғары болар, ұлы деген сөзден де ұланғайыр ұғымға жетелер. Бастысы – бар болыңыз, халқыңызбен қатар басқан қадамыңыз алыс күндердің белбеуіне ат байлата бергей.

Абзал БӨКЕН,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты

Сөз зергері

Қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыда өркендеуіне зор еңбек сіңірген кемел жазушы, талантты суреткер Софы Сматаев ұлттымыздың мақтанышына айналды. Ол «Құрмет», «Парасат» ордендерінің және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының тұңғыш иегері атанды. Жазушының алғашқы кітабы – «Астана оттары» (1968) атты өлеңдер жинағы. Содан бергі уақытта ол әр жанрдағы көркем туындылардан тұратын 25 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды. Қаламгер туындыларына тек өзі білетін өмір шындығын арқау етті. Өңгіме-хикаяттарының басты кейіпкерлері де – өз замандастары. Оларды қоғам және адам арасындағы қайшылық тұрғысынан көркем суреттей алды. Оған дәлел – «Алау», «Аймандай» шығармалары. «Алғашқы асу» хикаятында ол өткен ғасырдың бас кезінде қазақтар бастан кешкен ауыр тұрмыс-тіршіліктің көркем суреттерін жасауға ұмтылды. Аштықтан, қуғын-сүргіннен мезі болған елдің қоныс аударуы, оларды қуып, қолға түсіріп қайтару, жазалау оқиғалары сол дәуірдің ащы шындығына сүйене жазылған. Кейін ол бұл тақырыпқа қайта оралып, «Ақжелкен» атты роман жазды.

XX ғасырдың алпысыншы



Жазушы аяулы жары Шәмсия Жұмалбекқызымен

жылдары «жылымық» аталатын кезең туып, белгілі дәрежеде қаламгерлердің еркіндік алғаны танылған мәлім. Ел мен жер, халық тарихы арқылы өмірдің бұралат, қайшылықты даму сырларын көркем әдебиетте бейнелеп көрсету

мүмкіндігі туды. Илия Есенберлин, Әнуар Әлімжанов, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев сияқты қаламгерлер қазақ тарихының тарихы арқылы өмірдің бұралат, қайшылықты даму сырларын көркем әдебиетте бейнелеп көрсету

тарихы тақырыбына қалам тербеп, сол топтың алдыңғы легінде «Елімай» атты шығармасымен көзге түскен Софы Сматаев болатын.

Шындығына келгенде, қазақ халқының қалғып кеткен ұлттық намысын оятып, өз тарихына басқаша көзбен қарауға мәжбүрлеген Илия Есенберлиннің «Қаһары» мен Софы Сматаевтың «Елімайы» болды. Ол қазақ тарихының мәселелерін зерттеп, тарихи тақырыпта тың туынды жазуға ұзақ дайындалды. Соның нәтижесі «Елімай» – оның тұңғыш романы. Бірінші кітабы 1978 жылы, екіншісі 1980 жылы жарық көрді. Ауыз әдебиеті мен тарихи деректердің бай қазынасына сүйене жазылған бұл шығармада қазақ елінің XVIII ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, ұлттық дәстүрін кең ашып көрсете отырып, атамекенді басқыншы жаудан қорғап қалудағы батырлар мен халықтың күресін көркем тілмен жеткізе алды. Қазақ халқы тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталған қанқұйлы заманның болмыс-бітімі шығармада кең тыныспен баяндалды. Сол дәуірдегі қазақ-қалмақ қатынастары және оған қатысқан батырлар мен ел басшыларының өмірін, еңбегін кейінгі шығарма-

ларына да арқау етті.

«Елімай» – жазушы сайын сахараның ойы мен қырына, көлі мен шөліне, туған халқына, оның ұлттық дәстүріне, салт-санасына, мейлінше бай тіліне, дала төсіндегі қыбырсыз қорған-қорымдарда үнсіз жатқан ата-баба рухына бағасын сүйсіненілігі», – деп жазды сыншы З.Серікқалиев.

Жазушы болу деген сөз – жазғыштық емес. Қоғамдық болмысты, тіршілікті көркем суретпен көру болар. Сондықтан да тарихи тақырыптың қиындығы – әр кейіпкердің жеке басына лайық сөйлеу мөнерін тап басып таңуда да жатыр. «Елімайдағы» кейіпкерлер шешен сөйлеуі арқылы сол заманның реалистік бітімін қаз-қалпында елестетуге мүмкіндік береді. Шығармадағы жүзден астам кейіпкердің әрқайсысына әрекет теліп, ауыр жүк арқалатып, үлкен арнаға топтастыру арқылы қадау-қадау оқиғалардың жүйесін табуға суреткерлік шеберлігі танылды. Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елімай» романының авторы – Софы Сматаев тұрағын сөзсіз» деген тұжырымы – соның айғағы. Кезінде «Елімай» трилогиясымен оқып шыққан Дінмұхамед Қонаев Софы Сматаевқа: «Мұханның «Абай жолынан» кейін сондай кесек туындылар жазыл-

май кетті деп аузымызды қу шөппен сүргіп келдік қой. «Халқың! Елімай!» дейтін жүрегіңді таныдым, таптым, ұлым. Ұлым дегенімді дұрыс ұқ. Софыжан. Тарихқа адалдық сендерде, жазушыларда болғаны қандай жақсы. Мұхаң, Есенберлин, енді сен қазағымның жоқтаушыларысыңдар. Іздендіңдер – таптыңдар», – деп, үлкен аталық мейіріммен бағалаған екен. Бұл секілді сағ алтына сатып ала алмайтын қымбат бағалауды естіген жазушылар санаулы ғана.

Софы Сматаевтың 2015 жылы жарық көрген «Мұңлы ойлар» атты философиялық ой-толғаулары – даналық мазмұндағы терең туынды. Поэтикалық нұсқада жазылған Жарылғап Батыр туралы романы және Әзімбек ханның уәзірі болған қасиетті Мейрамсопы бабамыз бен Қаракесектің ұранына айналған қасиетті Қарқабат аныамыз туралы «Мейрамсопы – Қарқабат» атты сыр-дастаны көркемдігімен, тілінің өткірлігімен ерекшеленді.

Софы Сматаев – әдеби шығармашылығы арқылы да, азаматтық тұлғасымен де әркім өз ұлтын қалай сүю керектігін дәлелдеген талант.

Жандос ҚОЖАХМЕТҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Софы Қалыбекұлы Сматаев – 85 жаста

• ЛЕБІЗ

Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елім-ай» романының авторы – Софы Сматаевтың тұратыны сөзсіз.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Біз өткенімізді тірілтеміз, өшкенімізді жандырамыз деп тарихымыздың қаңқа сүйегін құрсауладық. Ал, Софы Сматаев соған «Елім-айымен» ет бітіріп, қан құйып, қаз бастырды.

Лияс ЕСЕНБЕРЛИН

Софының тарихи тақырыпқа батыл баруынан үлкен үміт күтемін. «Жас келсе – іске!» деген осы емес пе.

Сәбит МҰҚАНОВ

Халқымыздың жазылмаған тарихының тірі куәсіндей болып, ғасырлар бойы арқалап жеткен тауы мен даласының сонау ескілікті, естілікті бейнесін кішкене бойынның үлкен ойымен көз алдымызға тоса қойған мына адамды білесіңдер ме?

Бұл ағаларың – «Елім-айдың» авторы Софы Сматаев.

1973 жылдың қыркүйегінде Қар-Му-де болған кездесудегі сөзінен

Ебіней БӨКЕТОВ

Дилогиянды оқып шықтым. Көп ойға баттым. Көп толғандым. Әрі тебірендім. Мұханның «Абай жолынан» кейін сондай кесек туындылар жазылмай кетті деп аузымызды құр шөппен сүртпін келіспіз ғой...

Дінмұхамед ҚОНАЕВ

Қауіпсіздік комитетінің тапсырмасымен С.Сматаевтың «Елім-ай» дилогиясына тездетіп пікір жазып беруім қажет болған соң, біраз қобалжыдым. Софыны азамат ретінде қатты сыйлайтынмын.

Бұл романды бұрын оқымап едім. Саясатқа қырын келер тұсы көбірек дегендерді еститінмін. Күдігім бекерге шықты. Халқымыздың арғы-бергі тарихын терең қозғап, ұлттымыздың арман-мүддесін аялап жазған «Абай жолынан» кейінгі құнды дүние екен. Енді мен Софыны туған інімдей жақын тартқанымды сезіндім.

Кемел ТОҚАЕВ

Софы балам! Мен сені «темір-терсек» дегендерге, Еріп те кетіп, сеніп те кетіп қалып ем. «Елім-айың» лайық нағыз кемелгерге, Сен бүгін де, ертеңнің де алыбы ең, Кешір ағаңды. 28 шілде, 1972 ж.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

Қара сөздің қаймағын қалқыған Сүкеңнің аласа бойынан мен Алтайдың алып самырсынындай әуелеген ойын танымын. Сыйлас, сырлас әріптесімнің бір «Елім-айы» кейбір кертпін қалған классиктердің он кітабына тапиды.

Оралхан БӨКЕЙ

Қазақ халқының азаттық жолындағы тақырыпты көтеру, ол жөнінде көркем шығарма жазу – 60-70 жылдары ол ерлікпен парапар болатын. Софының «Елім-айы» қазақ әдебиетінде тарих тақырыбына жазылған алғашқылардың бірі, әрі субелі туынды болуымен құнды.

Дулат ИСАБЕКОВ

Софының «Елім-айының» советтік шовинистік системаның шырмауы шағында, сонау 1978 жылы кітап болып басылып шыққаны аян. «Елім-ай» – сол системаға тұнып тұрған қарсылық.

Кәмел ЖҮНІСТЕП

Өзіміз пір тұтқан Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов роман, әңгімелерімен қатар опера либреттоларын, драмалық шығармаларын теңестіре жаза беретін.

Біз оған таң қалатынбыз. Ал, бұл Софының басқа жазушылардан ерекшелігі сол – ол әдебиеттің барлық жанрында аябай қалам тартып келеді. Бұл – Софы талантының көп қырлылығының қуаты айрықша екенінің дәлелі.

Ол еш уақытта өзінің азаматтық позициясынан айныған емес. Ұлттық мүддені үнемі қорғайтын қаламгер «Елім-ай» деп әдебиетке келген, қазір де «Елім-айлап» жырылап жүр.

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

«Кеудемде бір күй шоғын маздатады...»

Софы СМАТАЕВ

ЗАМАНЫМ-АЙ...

Туды-ау заман қиян-кескі,
Ұмыттырып күй, әнді ескі.
Қыс ызғарлы Астанаға
Сарыжайлаудан ұям қошті.

Ескілерім жаңаланбай,
Жаңаларым жана да алмай,
Кетіп барам мұз үстінде,
Тұлпарларым тағаланбай.

Ит-құс қаптап абалаған,
Ұры-қары табалаған,
Өксік даусым іріп кетті
Сарыжайлауын жағалаған.

Итшілеткен күндерім-ай!
Қамап алған індерің-ай.
Күрсінуден күлмедім-ай,
Ырылдаудан үргенім-ай.

ЖҮРЕК – ӘЛІСІЗ БАЛАПАН

Күнім ұқса сүннмен,
Бүктеп алып бір мені.
Желмен құсам тірілген
Көктей өткен іргені.

Жаңғырығын жанымның,
Тындата алмай ешкімге,
Соңғы арайын таңымның,
Басып қапты кеш мүлде.

Суығанын, қызғанын
Кім біледі кеудемнің.
Бүлінді де,
бұзды әнім.
Кең тынысын сау демнің.

Беріден де әріден
Көлбөндемес көленке.
Тіршіліктің бәрінен
Сыр шертетін – жел ерке.

Тындап желді,
кұнысып,
Ықтайтын бір пана іздеп,
Бір суынып, бір ысып,
Ойдан бойым қара үзбек.

Саусақ жайып не етемін,
Лікілесе алақан.
Өтемін де кетемін,
Жүрек – әлсіз балапан.

ҚЫСҚАРДЫМ

Алыстап кеткен кейбіреуді,
Сағынып кейде отырам.
Ұмытып кетсем елжіреуді,
Таңымды қалай атырам.

Шық құшқан шөпті азадан мен
Асықпай аттап баспасам,
Көтере алар ма тажалды дем,
Көмейден төксем басқаша ән.

Әнім де бөлек, таным бөлек,
Адасып әлде жүрмін бе,
Табылар кім бар жанымды елеп,
Қалмаса сиқы түрдің де.

Алыстап жүрген жақындардың
Әрине мүлде түрі өзге.
Кешегі досым – ақындардың
Ықыласы аумас бір езге.

Езілдім ез боп,
естен тана,
Естімей әнін құстардың.
Қазақтың мұңын шешкен дана
Ұзын ем,
бүгін қысқардым.

ӘЙ, ҚАЙДАМ...

Төрдегінің кердеңінен жеңіліп,
Жердегінің тәлтіректер күйінен,
Әр Алаштың әлсіздігі көрініп,
Шарам қалмай, бармақ тістеп күйінен,
Адасып қап бағзы қазақ биінен.

Өрдегінің өкшесіне ілеспей,
Ылдиллаумен көлеңкеде бүрісіп.
Солған жүздің кеудесінде гүл өспей,
Бақ пен соры қабат жатар құнысып.
Озбырлықтың жұдырығы жұғысып.

Аузыңды ашпай, айтарыңды
жұтып қап,
Биіктегі биліктіге жалтақтап,
Көз алартсаң, тар желкеннен
мытып қап,
Үмітті үзіп кетер төрен, арды аттап.
Кете алмаймын, көне алмаймын
зарды аттап.

Жүре берсек Құдіретке сиынып,
Сипар деумен алақаны маңдайдан.
Жүрекке шер, көкірекке мұң ұйып,
Азаттықтың қашар дәмі таңдайдан.
Сол азаттық жетер ме екен...
Әй, қайдам.

ЖАН ДОСЫМ

Жан досым менің, жақсылап үңіл
жаныма,
Қасымнан ылғи көріне берсең табыла.



Тұлпардай түрім айналып кетсе
тұғырға,
Үздірген жалын теңей бер онда
жабыға.
Керілген басы кегжіп иек кермеге,
Арық-тұрықты қойғандай байлап
көрмеге.
Шал-шауқан етіп әркімге түсер
сынақ бұл.
Жастықтың сонау қадірін білер
ерге де.

Тереңге сүңгі, тайыздан таппай
ылайды.
Түбіне тартып мөлдірім сонда
сынайды.
Ашыққан жүздің шашылған жадау
күлкісі,
Есіңе салар жоғалған бүгін Күн, Айды.

Ақ шаңқан гүлін сепкенде көктем
бақтарға,
Кеудемді тесіп, төсімді ашып ақтар да,
Асылдай жайнар алтынын жанның
таппасаң,
Қоса сал жасық, керексіз қалған
заттарға.

АЛТЫН БА?..

Алтын ба,
Әлде қола ма,
Бұл ғұмырым, білмедім.
Күз түспей-ақ сола ма,
Суығынан іргенің.

Аспандаған арманым,
Күлдилаумен шөккенің.
Үміт үзіп қалғаным –
Тағдырым ба тек менің.

Қиялымды қияға
Ұшырмап па ем аялап.
Мандайыма сия ма,
Қонса бақыт саялап?

Тәк-тәк деумен тіксініп,
Кімді, нені жеңермін.
Әлде арқама жүк сіңіп,
Ұлы болам ба мен де елдің.

Сілкіп алып Құдірет
Салса тура жолыма.
Ұстар ма едім бір рет
Шын бақытты қолыма...

КЕРЕК ЕМЕС

Жәрдем таппай Құдайдан да Тәңірден,
Құлағалы тұрса-дағы тар іргем.
Талай жүздің сұрғылт өңін көрсем де,
Кете алмасып күдер үзіп өмірден.

Мен зорлықтың өрмегінде
шырмалғам.
Орын, торын билік-тірлік құрды
алдан.
Өмір өзі қылғындырып үйретті,
Сыбағамнан талай рет құр қалған.

Озбырлықтың от лаулатқан көзінен,
Өртенсем де,
өшпестей боп төзіп ем.
Жаным жанып жатса-дағы шоғында,
Мен солардың күйкілігін сезінем.

Құдайды да, Тәңірді де елемей,
Мен – перзентпін,
болса-дағы Ел өгей.
Жауыздармен жағаласып өтемін,
Тамсын қаным,
ақсын терім телегей.

Ұрласа да басып, жаншып күнді түн,
Кеудем тола жұртылмастай мұң бүгін.
Иса түспей,
Мәді шықпай қойған соң
Мен айтпасам,
сыбырлайды шыңды кім.

Мен Құдайды шақырмаймын көмекке,
Басыр Тәңір енді маған керек пе.
Сіңіп кеткен ашу-ызам, зар, кегім,
Кеудемдегі тасып жатқан кәрі өтке.

КЕЙБІР КЕЗДЕ

Кейбір кезде өмір сүргім келмейді.
Мылқаулар мен басырлардан
жалықтым.
«Жалғыз қалдым! – десем ешкім
сенбейді. –
Ортасында отырып-ақ халықтың».

Өмір сүру – түршігу мен түйсіну.
Түйсінуім бара жатыр таусылып.
Жоғалды ғой әсерлігі ісіну,
Өз ішімнен өзімді атар жау шығып.

Кетер едім талақ етіп ғұмырды,
Аспан, Жерді сизгізсам да құшаққа.
Тәңір көзі ашпай маған,
жұмылды,
Тоссам ба екен төсті қанды пышаққа.

Қанша ұмтылып, тәуекелге бассам да,
Аса алмаймын кесігінен Тәңірдің
Түндей күннің түнегінен қашсам да,
Қия алмаймын қияметін өмірдің.

Қияметке келмес бірақ көмілгім.

КӨНЛІМ МЕНІҢ

Көңлім менің ортаймас, картайса да,
Жүдеу жаным жамбасқа жантайса да.
Күн зымырап, уақытты ап кетіп жатыр
Ғасырды ұрлап, мезгілім ортайса да.

Жарғақ құлақ жаңылса сыбырынан,
Өмір-өзен таусылар ғұмырынан.
Жан-жағымнан жармасқан суық
колдар

Жұлып тастар кешегі тұғырымнан.

Асқақтатқан жылдардың шеккен
мұңын,

Мен – пендемін,
Азамат – өткен күнім.
Басқа ұрса да,
көңілім бастырмайды,
Озбырлығын көтермей өктемдінің.

Сөнбес тірлік,
қыбырлап келем әлі.
Жігерімнің жебесі женеңі әлі.
Жауласқандар түбінде бас шайқайды,
Сөйтпесіне олардың жоқ амалы.

Көңлім менің картайма,
ортайма да.
Егілме де, берілме өрт ойға да.
Көкке самғап, қанат қақ, кекке бойлап,
Серпіліп қап,
сергек боп, серт аймала.

БӘРІ КЕТТІ

Әлдилеуші ең балаңдай алғаным-ай,
Мен артыңда алаңдай қалғаным-ай.
Жалғыздықтың маңдайға мөрін басты,
Жалғыздықтың үлгісі – Алла, Құдай.

Күлуші ем-ау күлкіңді сорып алып,
Жанарыңа жанымды көміп алып.
Күшағым енгенде Күн күшушы ем,
Бәрі кетті қызықтың,
соры қалып.

Бәрі кетті,
тірліктің нәрі кетті.
Аяз ұрды сүмпитіп кәрі бетті.
Мәні кетті ғұмырдың,
сәні кетті.
Жүрегімнің созылмай әні кетті.

УАҚЫТ СҮЙРЕЙДІ

Уақыт сүйрейді, билейді
Өзінің ырқына көндіріп.
Кейде бір қамырша илейді,
«Озасың!» дегенге сендіріп.

Көгертпін, жасантып орманды,
Бұлаққа сып-сыңғыр ән берер.
Ұстатар-ұстатпас арманды
Жотана жүк қылып өңгерер.

Ай астын күлкіге көмдіріп,
Шуақты шашу ғып шашады.
Сай-сайға тамаша өң кіріп,
Табиғат тылсымын ашады.

Күн сүйіп тотыққан жүзінді,
Кеудеңе қуаныш енеді.
Гүл жауып шұбырған ізінді,
Алысың жақындап келеді.

Қыр үні құлақтан құйылып,
Ойыңды, бойыңды ұзартар.
Ал дала жасанып киініп,
Таңымен аспанын қызартар.

Уақыт озады, жазады,
Жанымның жаңғыртып баянын.
...Бойымды шырмады таза мұң,
Бүгінім, ертеңім, баяғым.

НЕСІБЕ ЕТПІ

Шіркін менің жоғалған сал

жылдарым,
Қызығы мен думаны мол жылдарым.
Базарымның балқыған ортасында,
Топ-толық боп тұратын
қоржындарым.

Орманым-ну,
мол сулы өзендерім,
Қол қайтармай келуші ед кезенгім.
Күшағым гүл қылып қондырушы ем,
Талай жұрттың жыр арнап гөзелдерім.

Бәрі бітті
Уақыт сөңдіреді.
Сөңдіреді, ырқына көндіреді.
Жабығынан жанымның сығалайтын,
Шаш та, дос та қайтейін селдіреді.

Аттай алмай бүкшіп өткелдерден,
Өткендермен қоштастым,

кеткендермен.
Кей танысым танымай қалар бүгін
Айғыз-айғыз тілінген бетпердемен.

Қайығына мінген соң кәріліктің,
Екеңі жоқ ессіздік – бәрі үміттің.
Алатаудың қиясын нұрға бөлеп,
Баяғдай шықпайды жарылып Күн.

Сағынышы жүректің өсіп, өніп,
Күрсінісім кеудемді тесіп еніп,
Жаз жайлаудың шұбыртып көш
керуенін

Тұл тағдырым қойды ғой несібе етіп.

СЕЗЕМІН

Талтүсті қара перде етіп қараң
Тұсынан түстей алмай өтіп барам.
Қыбырлап қыр асатын көңіл жүрдек,
Әйтеуір кетіп барам, кетіп барам.

Құлаштап жүзе алмаймын көлге бүгін.
Арта алмай ауыр, жеңіл белге жүгін,
Бәрібір «Өте – дейтін – парызанды!»
Сеземін жылы лебін ел демінің.

Сеземін алақанын арқа сипар,
Қысса да зар заманым, зар ғасырлар.
Таяққа сүйенсем де тоқтамаймын,
Аяулы жұртым барда арды асылдар.

АЙТА АЛМАЙ ӘУЕНІМДІ...

Айта алмай үлдейтін болдыр әнді,
Көмейдің көміп тастап ысылына.
Шертемін шерге толы домбырамды,
Қысастың қыңсылаумен қысымына.

Қос шектің – күлкісі мен күрсінісін,
Отырам өзек жара сауламаумен.
Лекілдеп өкінішті құр тынысым,
Аңырап кетіп жатыр Тау, Даламмен.

Шықпайды сыңғыр әуен өңешімнен,
Иекті дірілдетіп өкінішім.
Кетпейді аңсаумен әлі есімнен
Бесігім,
тар босағам – бекінісім.

Домбырам жан ыңқылын боздатады,
Тау-тасқа тыңдатады құлақ қылып.
Кеудемде бір күй шоғын маздатады,
Қаламын содан кейін бір-ақ тынып.

...Көбінің кер заманның лақтырып.

БІЛМЕЙМІН

Мен сенемін,
Мен көнемін бәріне,
Тағдыр соған басқа ұрумен үйретті.
Көз қадауды дағдыландым әріге,
Сал бөксемді сор тірлігім сүйретті.

Қиянатын тартсам-дағы ғұмырдың,
Аша алмадым қас «достардың»
қылмысын.

Етегіне жармасам да тұғырдың,
Биігіне шығармастан тұр мүсін.

Кеуде керіп, төс қақпадым күшеніп,
Асқарыма асықпай бір жетермін.
Жатса-дағы тас кеудемде кісі өліп,
Сол өлікті тірілтем деп өтермін.

Үміт шіркін ілгеріге үңіліп,
Бұлаңдатып сонау алдан бір отты.
Мүмкін әлде жақсыларды түңіліп,
Қас маңдайым қабылдар ма сұр оқты...

...Төмамдар ма ғұмыр дейтін – сроқты.

• ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

«Өлсең де, өлмегенге боласың тең...»

Театр. Сахнада «Қарағөз» спектаклі. Сырымның әкесі Жабайдың бір руды «ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап» отырған Мөржанның Қарағөздің ұзату тойынан шыққан шиеленістің шарықтап, биік деңгейіне жеткен кезіндегі айкастың қызған тұсы. Руластарын шетінен қуырып, бөріне себеші Сырым серіні кінәлап, жазалаудың ауыр салмағын, ашумен айтқан, сүйектен өткен сөзімен де бет қаратпай кінәлап кеткен Мөржан бастаған Өсер руының бар ұяты мойнына ілініп қалған Жабай мен Сырым сері. Өсер руының денесіне таңбаланған өшпес ар-намыс күнісін арқаалаған Жабай іші өртеніп, күйіп тұрса да жалғыз ұлы Сырымды жазаға қимай, ұрсар сөзінің өзін ұлының жүрегін жараламай, кинальсіпен айтып отырған Жабайды көріп, екі отың ортасында қалған әке мейіріміне еріксіз риза боласың.

Жабайдың ішкі күйзелісін, психологиялық жан дүниесін жеткізіп отырған аса дарынды актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Қайрат Кемалов. Осындай терең толғаныспен тәкаппар, қайсар ұлына сөзін өткізе алмаса да, әелік мейірі мен ақ тілеуін іштей тілеп, «жазымнан сақтай гөр!» дегендей, артына бұрылмай кетіп бара жатқан Сырымның соңынан қимастықпен қарап тұрып, домбырасын шертіп, «Шырмауықтың» сазына ұйып тұрып қалды. Асау мінез ұлының заманына сай заңына көнбей, ноктасын үзіп бара жатқанына өкінесе де, қатерден сақтауын тілеп, іші күйсе де, жақсылықтан үмітін үзбей амандығын сұрап тұрған алып жүректі әкені көріп, мерейің тасиды. Қамқорлықпен тілеуін тілегенмен, шарасыздықтың шырмауындағы әке күйзелісін керемет жеткізеді. Бір спектакльдегі эпизодтық кейіпкердің өзімен сол заманның ауыр трагедиясын жеңілдету қолынан келмесе де, ағыстың екпінімен кете бермей, «суға кеткен тал қармайды» деген қағидаға сүйеніп, ұлының жаңа заманның үрдісіне сай еркіндікке ұмтылғанына іштей қолдау көрсеткен әке мінезін көреміз.

Эпизодтық кішкентай кейіпкердің өзінен заман үрдісінің желі қай жақтан, қалай соғып тұрғанын бүгінгі заманмен табыстыра білетін ойлы актер. Қайрат Кемаловтың сомдаған кейіпкерінің қайсысын талдап көрсеніз де актерлік шеберліктің сан алуан компоненттерін байқауға болады. Оның тұлғасы, сөз сөйлеу мәнері, қимыл-әрекеті, ойлау жүйесі, оттай жанған көз жанары (оценкасы) бәрі де кейіпкерінің мінез-құлқына, заманына сай икемдеп бейнелеген. Обр-рлардың бір-біріне ұқсамай, даралана бейнеленуі актердің табиғи талантымен қоса терең білімі мен ізденіс қасиетінің ерекшелігінде. Және де көптеген әртістерден ерекше бір артықшылығы жадның мықтылығында. Қайрат Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Шаханов, Қадір Мырза-Әлі, Төлеген Айбергеновтің және Серік Ақсұңқарұлының өлең-поэмаларын жатқа оқығанда тіпті, ғажап қой! Әсіресе, өзін көзін көріп, талай қасында болған Мұқағали ақын туралы өңгімелерін айтып, өлеңдерімен тұздықтап жібергенде ақынның өзін көргендей боласың. Және бір еске алатын тұс Мұқағали образын сахнада алғашқы болып сомдаған осы Қайрат Кемалов еді. Қателеспесем, 1992-1993 жылдар-ау деймін, Астанада режиссер Жақып Омаров қазіргі Ұлттық Қалибек Қуанышбаев театрының сахнасында қойған жазушы-драматург Оразбек Бодықовтың Шәмші туралы пьесасында Мұқағалиды керемет сомдаған актер де Қайрат болатын.

Ал, Шахановтың өлеңдерін былай қойғанда мектеп қабырғасында оқып жүргенде поэмаларын жатқа соғатын. Ең алғаш 1972 жылы Қарағандыдағы №2 мектепте оқып жүрген оған кезінде әртіс боламын десең, өлеңді жатқа оқуын керек дегенімде Шахановтың ұзын-сонар поэмасын мүдірмей, көркемдеп оқып берген. Мектеп оқушысы түгелі әртістердің өздері поэманы түгел жатқа оқуы өте сирек болатын ол кезде.

Қайраттың өмірдегі тағы да бір ерекше қасиеті даланың дана ақсақалдарындай әңгіме шертетінінде еді. Бала кезінде көпті көрген жайлаудағы шалдардай көк шалғынға отыра кетіп, шакшасын аяқ киіміне соғып қойып, алақанындағы на-сыбайын ерініне қыстыра салып, әңгімесін шерткенде сөздің шұрайын келтіретін. Қай алаға салсаң да, әңгіменің майын тамызып отыратын. Театрдың жас актерлері үзіліс болса, түгел үймелеген бал араларындай Қайрат ағасын төңіректен алатын.

Әдебиет, тарих, актерлер жайында танымдық әңгімелер айтып, әсіресе қысыр күлдіргі әңгімелерге келгенде қамшы салдырмайтын еді-ау. Әр ауылдан әпелділер жайлы қызықты әңгімелерді жинап жүретін. Торғай өңіріндегі Ақтоғай ауданындағы бөспе, боғазышыл Айсә, Жанаарқадағы жынды Ысқақ дегендер туралы қырық шалдардың іс-әрекеттері мен әңгімелерін айтып, тыңдармандарын ішек-сілесін қатырып отырып, өзі тіптен езу тартпайтын әңгімешіл еді. Әңгімесіне жастардың құмартатыны сондай, пойызда

болса купесіне, автобуста болса отырған жеріне үймелеп алатын. Өзі де жастарды ерекше жақсы көретін. Әсіресе Айдо-стың, Бауыржанның, Ахай, Сұлтан, Жан-дос, Бақытжандардың әр жеткен табыста-рына қуанып, тілеулес болып отыратын. Олардың тыңдағысы, білгісі келетін әңгімелерінің тиегін ағытып, желдей есіп кететін ешкімнің көңілін қалдырмайтын мейірімді болатын.

Өмірде сондай қарапайым, кішіпейіл менмендігі жоқ болғанымен, сахнаға шыққанда тіптен басқа адам, басқа тұлға. Сахнада өте жинақы, ұсақ-түйек, жеңіл-желпі ойнай салу деген мүлде жоқ. Өзінен де, өзге әріптестерінен де биік сұранысты талап ететін сахнаның Патшасы. Ренжісе, тек сахнада немқұрайлы жүрген шалағайларға ренжуі бар, ал, қолынан келмесе де тырысып, барын салып, Алла берген талантын сарп етіп жүрген актерлерге түсіністікпен қарайтын.

Оның театр сахнасында сомдаған айтулы кейіпкерлерінің қай-қайсысы болса да көрерменді де, сыншыларды да бейжай қалдырмай, рухани ләззат сыйлап, ойларын кеңейтіп, жүректерін тебіренгітіп, өмірге жаңа көзқараспен қарауға түрткі

бірі». Айтса айтқандай, сахнадағы Қайрат сомдаған кейіпкерлер қайнаған қым-қуыт өмір арасында эмоциямен кетіп қалмай, барлық іс-әрекетті ақылға жеңдіріп, ойын, сөзін бағалауын, жүйке талшықтары арқылы үзіп алмай, өтірік жыламай жеткізе білетін шебер актер. Әсіресе, психологиялық драмаларда таптырмайтын актер 60 жасқа келгенше кинода жолы болмай, қанша түсем деген кейіпкерлеріне қолы жетпей жүріп, «Қазақ хандығы» фильміндегі Керей хан рөлімен қалай жарқырады десеңізші. Керей ханның тұлғасы, атқа отырысы, ойлы көзқарасы, ашуланғандағы ішкі толғанысы, әрекеттері нағыз дарынды актердің шеберлік қасиетін керемет береді.

Ал, «Ақбоз үй» фильміндегі Пахратдин рөлімен елдің басына түскен нәубеттен ағайындарын аман алып қаламын деп елсіз құм көшкінімен алысып жүріп, көршілес елге жол тартқан жанашыр ақсақалдың бейнесін қалай сомдаған. Аз ғана азық қылар бидайларын өздеріне жетпей тұрса да, аш балаларға бөліп берер кездегі Қайраттың шаршаңқы көздерінің түпкіріндегі жанашырлық қасиетінің оты ұшқын шашып айналасына күш береді.



болған образдар галереясы болып қалды. Әсіресе ұлы даланы өзімен тербеткен Ақан сері, мынмен жалғыз алысқан ұлы Абай, қазақты көргің келсе «міне» деп көрсететін Сәкен, әлем драматургиясындағы Шекспирдің Отелласы, Брук, көңілді де әзілгеш Петручио, қазақ драматургиясындағы Бәйдібек би, Қазауысты Қазыбек би, Бұқар баба образдары, сол сияқты Шыңғыс Айтматов, Николай Гоголь, Шерхан Мұртаза, Дулат Исабеков, Әкім Тарази шығармаларындағы сан алуан бейнелер Қайрат Кемаловтың сомдауында театр тарихында алтын әріппен жазылып, болашақ ұрпаққа мәңгілікке эталон болып қалды.

Кезінде сыншылар мен журналистердің газеттерге жазған сын-мақалаларының көбі сақтаулы. Солардың бірі 1996 жылы наурыз айында Серікбай Алпысұлы Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш» повесінің сарынымен жазған Қалихан Ысқақтың «Таңғы жаңғырық» драмасындағы Бақтығұлды сомдаған Қайрат Кемалов туралы «Қайраттың Бақтығұлы тіпті ғажап. Батырға лайық тұлға, күндей күркіреген дауыс, актерлік шеберлік, зұлым заман торында арыстандай бұлқынған, жігері құм, еңбегі еш қайран ердің бүкіл қасиетін бізге барынша табиғи қалпында жеткізе білген» – деп суреттеген сыншы-журналист. Мұндай жазбалар жетерлік деуге болады.

Қазақтың белді театр сыншысы, өнертану ғылымының докторы, профессор Бағыбек Құндақбайұлы, өнертану ғылымының кандидаты, профессор Әшірбек Сығай, Қазақстанның халық әртісі, профессор Есмұхан Обаевтар талай театр фестивалдерінде Абай, Бәйдібек, Сыбанқұл, Зарқынбек бейнелерін ризашылықпен ерекше талдап, жас актерлерге үлгі болар шеберлік тұстарын мадақтап, тоқталып өтетін. Қайрат қатысқан осы спектакльдер халықаралық, республикалық фестивальдерде лауреат атанып, театрға бедел әкелген көрнекті спектакльдер қатарында болды.

Белгілі сыншы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор, Әшірбек Сығай: «Қайрат Кемалов – Абай, Бәйдібек, Қобыланды, Отелло, Дуанбасы, Сәкен секілді тұлғаларды сомдайтын өте сирек кездесетін тұлғалы актерлердің

Осы екі кинодағы рөлдері үшін шетелде өткен кинофестивальде Түркияда және Эфиопияда «Ең үздік ерлер рөлі үшін» номинациясын жеңіп алды. Бұл біріншіден, қазақ кино саласын мойындау болса, екіншіден, Қазақстанда да әлем актерлерінің сапында тұратын таланттар бар екенін тағы да бір дәлелдегені. Қайраттың шеберлігінің елімізден асып шетелде де, мойындаулы өзінің мамандығына деген махаббаты мен тынымсыз ізденіп, еңбектенуінің арқасы.

1987 жылы театрдың сол кездегі бас режиссері Ерсайын Тапенов жас актер-



лерді Мәскеу қаласына бір айлық білім көтеру институтына оқуға, әрі тәжірибе алмасуға алып барды. Жетекшіміз кіші театрдың актері Ресей Федерациясының еңбек сіңірген әртісі М.Новожикин болды. Сол кісінің нұсқауымен актерлік шеберліктің биік шыңында сомдалған әртістердің қандай рөлдерін, қай театрдан көруге болатынын сұрап алып, әр актер өздерінің кумирлерін көруге тарап-тарап кетті. Айлық репертуарды алып қай күні қай спектакльге, қай театрға баратынымызды белгілеп, жетекшімізге айтып



рұқсат (шақыру) билеттерін алып алдық. Сонда байқағанымыз, Қайрат Шекспир, Чехов, Островский спектакльдерін таңдап алғанын көрдім. Ойлап қарасам бұл спектакльдер Қазақстанда өте сирек қойылатын, репертуарға тек есеп үшін ғана болмаса, актерлік құрамның шеберлігін шындап, үлкен мектептен өткізу, шамаларын байқау үшін қойылатын. Өйткені, ол кездерде көрерменнің талғамы әлі де психологиялық трагедияларды сараптауға дайын емес еді.

Рамазан екеуімізді ертіп алып, Вахтангов театрынан Шекспирдің «Юлий Цезарь»-дағы М.Ульянов, В.Лановой, Борисовалардың ғажап шеберлігін, МХАТ-тан А.Чеховтың «Иванов» драмасында ерекше шеберлік иесі Смоктуновскийдің ғажап ойындарын, кіші театрдағы орыс актерлерінің нағыз шеберліктің шыңын бағындырған И.Ильинский, Ю.Каюров, Ю.Соломиндердің өнерін көріп үлкен сабақ алып, таңқалып, тамсана талдап айтып отырушы еді. Біздер осындай дәрежеге жете аламыз ба деп қоятын. Және де өз сахнасында сол ұлы актерлердің кейіпкер сомдауына тәсілдерін пайдалана отырып, асқар шыңға, биікке көтерілді. Ульяновтың ішкі қуатын, Смоктуновскийдің терең ойлану қабілетін, Соломиннің сахна мәдениетін игерудегі ерекшелігін, Ильинскийдің сөз сөйлеу мәдениетін бойына сіңірді. Табиғат берген талантпен, ұстаздарынан алған біліміне даңқты орыс театр мектебінен үлкен сабақ алып, мерейленіп қайтты.

Ең өкініштісі актерлік шеберліктің кемелденіп келе жатқан тұсында өмірінің үзіліп кеткендігі. Сахнада өткен өмір жолын түйіндеп, алған білімін бүгінгі күннің сұранысына сай толықтырып, икемдеп, алдыңғы толқын сахна шеберлерінің үлгілі мектебін жалғастырып, шексіз өнер ортасында адасып кетпей, ізгі жолды жалғастырып, бүгінгі ұрпаққа ұлттық сахна өнерін дамытып, аманаттап жүрген шағында, демалып жатып оянбай кеткені жанға батады. Өлі де халқына берері мол, айтары көп өте сирек кездесетін сахналық бірегей тұлғасы ұлттық руханияттың шамшырағы болып алаулап келе жатқан шағында еді-ау!

Бір ғана Сәкен театрының емес, қазақ өнерінің алып тұлғалары Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов, Нұрмұхан Жантөрин, Әнуар Молдабеков, Асанәлі Әшімовтердей алтынның сынығы болатын. Айырмасы ағалары еліміздің бас театрында қызмет етсе, Қайрат Кемалов Қарағанды секілді ірі өңір орталығындағы облыстық өнер ордасына қызмет етсе де, асқан дарынымен қазақ елінің сахна мен кино өнерінің асқақтауына өлшеусіз үлес

• ШЕРТОЛҒАУ

Сағынышқа айналған саңлақ

Қазақ сахна өнерінің мызғымас мақтанышы – ең алдымен, оның актерлік мектебі. Елімізде кәсіби театрдың қалыптасып, өркен жайғанына бір ғасырға жуық уақыт болды десек, сол үлгі мектептің бастауында Қалибек Қуанышбаев, Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин сынды дара дарындар тұр. Кейінгі буында Асанәлі Әшімов бастаған саңлақтар осы дәстүрді жалғайды. Сол үлкен өнер көшінің ішінде Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасында өзіндік болмысымен танылып, үлкен еңбек сіңірген досымыз, аяулы әріптесіміз Қайрат Кемаловтың орны бөлек еді.

Уақыт деген жүйрік қой. Міне, Қайраттың бақилық болғанына да жылға жуықтап қалыпты. Әрине, театр өнері дами береді, сахна өнерінде тоқтау жоқ. Бірақ, сахнаның шын сүйген, театрдың табиғатын терең түсінген көрермен үшін осындай саңлақтардың сомдаған рөлдері, қалдырған ізі, ұлағатты еңбегі – кейінгі буынға мектеп, келер ұрпаққа меже.

Қайрат актерлік өнерді Арқаның серілік дәстүрімен байыта білген ерекше дарын еді. Сахнаға шыққанда көрерменнің көзін де, көңілін де толтыратын. Оның бойында сахналық қуат, қоңыр дауыс, келісті келбет, шынайы бейне жасауға қабілетті терең шеберлік бар-тын. Ол жасаған кейіпкерлерді көріп отырып, сахна мектебінің, сахна шеберлігінің нағыз қазақы болмыспен, қазақы сипатпен астасып жатқанын сезінетіңбіз.

Адам баласы спектакль басталған сәтте, сахна шымылдығы ашылғанда ең алдымен өз актерін күткені. Ал, сахнаға шыққан актер өзімен бірге көрерменге тұтас бір әлем алып келуі керек. Қайрат сондай актер еді. Ол рөлді сырттай ғана орындамайтын, кейіпкердің ішкі иірімін бойлап, жүрек түпкірінен шығатын шынайы толғанысты жеткізе білетін.

Соңғы жылдары ол Сәкен Сейфуллин бейнесін сахнада ерекше болмыспен сомдады. Сәкен – сұлулықтың, тектіліктің, бекзаттықтың белгісі болған тұлға. Қайрат осы бейнені сахнада өзіндік мәнермен, қолына домбырасын алып, актерлік ішкі толғаныспен жеткізе білді. Оның орындауындағы ән де, сөз де, үнсіздігі де көрермен жүрегіне жететін.

Қайрат Кемаловтың сомдаған рөлдерінің әрқайсысында өз колтанбасы қалды. Мысалы, «Қарақөз» спектакліндегі сахналық болмысының өзі сол қойылымға ерекше мән беріп тұратындай әсер қалдыратын. Мұндай актерлердің орнын біреу басады деу қиын. Олар өзіне ғана тән орнын жасап, келесі толқынға биіктің межесін белгілеп кетеді.

Ол адамдық болмысы жағынан да қадірлі азамат еді. Өзінің түйсігі, ойы, айтары бар, асып-таспайтын, саспайтын, көп сөйлемей-ақ, өзіне тән мінезін, парасатын, білгірлігін таныта алатын қазақтың үлкен азаматы ретінде есімізде қалды. Қайраттың бойындағы сабыр, сахнаға деген адалдық, өнерге деген тазалық оны әріптестері мен көрермен алдында биік етті.

Қазіргі театрға келген жастар үшін, сахна өнеріне өзін арнаймын деген өнер адамдары үшін Қайрат Кемаловтың еңбегі, жұмысы, сомдаған рөлдері – қашан да әліппе, қашан да меже. Ол – зерттеп тауыса алмайтын қазақ сахнасының жауһарларының бірі.

Театр ұжымына, Қайрат ағамызды таныған, бірге қызмет еткен барша әріптестеріне көңіл айта отырып, оның қасында өнер тудырған, бірге сахнада жұмыс істеген тамаша әріптестері барда Қайрат Кемаловтың сапалы еңбегі мен жарқын бейнесі қашан да есте сақталады деп сенемін.

Еркін ЖУАСБЕК,
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры, өнертану ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Суреттер автордан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Тәртіп сақшылары құрметтелді

Балқаш қаласында Қазақстан Республикасы полициясы күніне арналған мерекелік салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылып, құқық қорғау саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында аялбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларының кәсіби мерекесі қала жұртшылығының қатысуымен ерекше сән-салтанатпен өтті.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиында алғашқы құттықтау сөз Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевқа берілді. Қала басшысы өз сөзінде полиция қызметкерлерінің қоғамдағы рөліне тоқталып, заң үстемдігін қамтамасыз ету мен азаматтардың қауіпсіздігін қорғаудағы қажырлы еңбектеріне ризашылығын білдірді.

Мерекелік жиын аясында үздік қызметкерлер мен сала ардагерлерін марапаттау рәсімі өтті. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі Балқаш қаласы полиция бөлімі патрульдік полиция ротасының

қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты Санат Нұрланбекұлына табысталды. ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары Ербол Еркінбекұлы мен Руслан Нұрлыбекұлына, патрульдік полиция ротасының қызмет инспекторы Ернұр Қанатұлына, учаскелік полиция инспекторы Бахтияр Абеннов және патрульдік полиция ротасының қызмет инспекторы Берген Бекенов марапатталды.

Қарағанды облысы Ішкі істер органдары ардагерлер ұйымының «Ардагерлер қозғалысына көмектескені және атсалысқаны үшін» төсбелгісі полиция ардагері Қалық Аяшбековке табыс

етілді. Балқаш қаласының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін қала әкімінің Құрмет грамотасымен Досжан Маратұлы, Бибігүл Жамантайқызы және Айгерім Қайратқызы марапатталды. Сонымен қатар, Әділетті Қазақстан құру жолындағы табысты еңбегі мен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін Балқаш қаласы әкімінің Алғыс хаттары Бауыржан Амангелдіұлына, Аслан Бағдатұлына, Бексұлтан Ерланұлына, Мадияр Нұрболұлына, Оңғар Уатханға және Жаныбек Жақсыжолға табысталды.

Мереке барысында Балқаш қаласы әкімдігі тарапынан полиция бөлімінің материалдық-техника-

лық базасын нығайту мақсатында компьютер, принтер және кондиционер алуға арналған сертификаттар сыйға берілді. Сыйлық сертификаттарын қабылдау үшін сахнаға Балқаш қаласы полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Азамат Сметов шақырылды.

Салтанатты бөлім «Арай» кварталінің орындауындағы «Елім деп соқсын жүрегің» әнімен жалғасын тапты. Кейін құттықтау сөз алған Балқаш қаласы полиция бөлімінің бастығы Азамат Сметұлы полиция қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы ортақ еңбектің маңызын атап өтті.

Мерекелік жиында Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының грамотасы патрульдік полиция ротасының қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты Бауыржан Төлеубаевқа табысталды. Ал, облыстық полиция департаменті бастығының Алғыс хаттарымен Мират Болатжанұлы, Азамат Бейбітұлы және Алишер Тубеков марапатталды. Сонымен қоса, Қазақстан полициясы күніне орай көп жылғы мінсіз қызметі мен кәсіби шеберлігі үшін сала ардагерлері марапатталып, сый-сияпат жасалды.

Сондай-ақ, «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып, туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне үлес қосқан Анар Адамбекова мен Толқын Батталова Балқаш қаласы полиция бөлімі бастығының Алғыс хатымен марапатталды. Шара барысында Балқаш қаласы полиция бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеузада Махметов сөз сойлеп, әріптестерін мерекемен құттықтап, полиция қызметінің қоғам үшін маңыздылығына тоқталды.

Салтанатты жиын концерттік бағдарламамен жалғасты.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• ДҮНИЕ – ЖАЛҒАН

«Академиктер шаңырағының» шырақшысы еді

Есімі елімізге танымал, айтулы ғалым ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті географ-эколог, қоғам қайраткері, талантты педагог, Ыбырай Алтынсарин және бірнеше медальдармен, «Құрмет» ордендерімен марапатталған абзал ана, аяулы Әлия Сәрсенқызы Бейсенованың фони жалғанмен қоштасқанын естідік. Кезінде бүкіл Алматы «Академиктер шаңырағы» атанған бұл отбасынан тамаша тәлім-тәрбие алған ұрпақтар өрбіді. Атақты ғалым, ұстаздардың ұстазы Серік Смайылұлы Қирабаевтың соңынан аттанған қазақтың қасиетті қызы, мейірбан анамыздың отбасына, туған-туыс, ет жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.



Қазақстанның физика-география, экология ғылымдарын дамытуға қосқан Әлия Бейсенбаеваның үлесі мен негізін қалаушы екендігі баршаға мәлім. Туған халқының тұмса табиғатына, толғауы тоқсан тіліне, салт-дәстүріне жанашырлығы мен жауапкершілігі ескірген естеліктер болып қала бермек. Өзекті мәселелерді көтерген ғылыми баяндамалары және маңызды монографиялық еңбектері – соның дәлелі. Ғылыми бағыт-бағдар берген шәкірттері де ғалымның ізін жалғастыра бермек.

Ғылымнан тапқан ырысын,
Алаштың аяулы қызысын!
Қоштастық енді амалсыз,
Жәннаттан орын бұйырсын!

Көңіл айтушылар: Мәуен Хамзин, Берік Рахымов, Жақсыкелді Кемалов, Қойлыбай Асанов, Жансая Жарылғапов.

• ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

«Бірге даму» балалардан басталады

Облыстағы «Мемлекеттік кірістер департаментінің Нұра ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі елімізде өріс алған «Бірге даму үшін» бастамасы аясында өскелең ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру және салалық саласы бойынша білімін арттыру мақсатында осы салада қызмет жасайтын қызметкерлердің балалары мен туыстары арасында шығармашылық байқау өткізді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға қатысушылар адалдық, әділдік, жауапкершілік қандағтарын көрсететін және салықтардың қоғам мен мемлекеттің дамуына қосатын үлесін насихаттайтын шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Байқау қорытындысы бойынша мекеме бас маманы Тимур Қалқамановтың 4-сыныпқа көшкен қызы Мәриям Дәулетованың жұмысы үздік деп танылды.

Мәриям өз дүниетанымы

деңгейінде тақырыпты жан-жақты ашып көрсетіп, ерекше шығармашылық көзқарасымен ерекшеленді. Мекеме басшысы Гүлнар Смағұлқызы жеңімпазға жүлдесін табыс етті және байқауға белсене қатысқан барлық балаға алғыс білдіріп, қоғам болашағы үшін қызмет атқаруға даяр жеткіншектердің қадамдарына сәттілік тіледі.

Нұра ауданы

• ҚҰРМЕТ

Лайықтылар марапатталды

Нұра кентінің Мәдениет үйінде Мемлекеттік қызметшілер мен полиция күніне, сондай-ақ, судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Аталған жиынға аудан әкімі Бақытжан Мұқанов, мемлекеттік қызмет ардагерлері, полиция бөлімінің басшылығы мен жеке құрамы, сот және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.

Аудан әкімі Бақытжан Мылтықбайұлы жиынға себепкер болған мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерін және сот жүйесі мамандарын кәсіби мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара барысында мемлекеттік қызметтің үздік өкілдері түрлі номинациялар бойынша: «Жоғары кәсібилігі үшін», «Мінсіз мемлекеттік қызметі үшін», «Көп жылғы адал еңбегі үшін», «Бастамашылығы мен жауапкершілігі үшін», «Мемлекеттік қызмет беделін арттыруға қосқан үлесі үшін», «Үздік жас маман», «Жыл тәлімгері» және «Қызметке адалдығы үшін» аталымы бойынша марапатталып, оларға зор құрмет көрсетілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқару, құқық қорғау, прокуратура, төтенше жағдайлар, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, салық, қазынашылық және сот салаларында табысты еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегі жоғары бағаланып, оларға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының Алғыс хаты, Нұра ауданы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Өз тілшімізден
Нұра ауданы

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жаңа мешіттің құрылысы басталды

Балқаш қаласында жаңа қалалық мешіттің құрылысы ресми түрде басталды. Жергілікті тұрғындар көптен күткен игі бастама қасиетті Құран аяттары оқылып, ақ батамен ашылды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шараның ең маңызды әрі символдық сәті болашақ рухани орталықтың іргетасына алғашқы бетон құю рәсімі болды. Қала имамдары мен Балқаштың Құрметті азаматтары қолдарына күрек алып, құрылыс алаңына бетон төсеіп, жаңа мешіттің негізін қалады.

Бұл рәсім көпшіліктің рухани құндылықтарға деген құрметін және ортақ іске қолдауын көрсетті. Құрылыс жұмыстарының басталуына арналған жиынға Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев, қалалық мәслихат төрағасы Ахат Мүслимов, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы, Әнет баба мешітінің бас имамы Естай Әбдіғали, Балқаш қаласының бас имамы Нұрболат Қалдарбеков, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Серік Қасымбеков, сондай-ақ, қала ардагерлері, халық қалаулылары мен тұрғындар қатысты.

Жиында сөз сөйлеген азаматтар жаңа мешіттің қала тұрғындары үшін маңызды рухани және мәдени орталыққа айналатынын атап өтті. Олар игі бастаманың берекелі болып, құрылыс жұмыстарының сәтті аяқталуына тілектестік білдірді. Нысан құрастыру сәйкес, мешіт құрылысы 2027 жылдың 20 желтоқсанына дейін жалғасады. Жобаға тапсырыс беруші – «Қасымбеков С.Т.» жеке кәсіпкерлігі,



ал, бас мердігер ретінде «Балқаш Жібек Жолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі белгіленген.

Айта кетейік, жобаға сәйкес, жаңа мешіт бір мезетте 1500 адамды қабылдай алады. Ғимарат ішінде дәріс залы, әйелдерге арналған арнайы намаз оқу орны, неке кино залы және имамдар бөлмесі қарастырылған. Сонымен қатар, төменгі қабатта асхана орналасады. Жаңа мешіттің құрылысы аяқталған соң, ол Балқаштағы рухани-мәдени өмірдің маңызды орталықтарының біріне айналмақ.

– Жаңа мешіттің құрылысы басталғанына қуанып отырмыз. Өйткені, қаламыз күн сайын көркейіп, аумағы ұлғайып келеді. Халық саны да артауда. Сол себепті, жаңа мешіт керек-ақ. Жас буынның рухани әлемін байытып, жаман әдет, жат қылықтан сақтауымыз керек. Осы орайда мешіттердің пайдасы мол. Бұл рухани орда жастарды ізгілікке бастайтыны сөзсіз, – дейді Сәкен Нағметұлы.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

1. «ҚР ҚМ Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ға дейін жұмыс тәртібімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».
- «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

 - Саран қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72137) 5-11-44;
 - Шахтинск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72156) 3-91-84;
 - Теміртау қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (7213) 98-10-18;
 - Қарқаралы аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72146) 3-17-38;
 - Бұқар жырау аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72154) 2-12-87;
 - Нұра аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72144) 5-29-88;
 - Осакаров аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72149) 4-18-90;
 - Абай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72131) 4-47-37;
 - Ақтоғай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71037) 2-10-11;
 - Балқаш қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71036) 4-07-49;
 - Приозерск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71039) 5-20-45;
 - Шет аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71031) 2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

«Қазақстан барысына» жолдама алды

Балқаш қаласында тұңғыш рет қазақ күресінен ересектер арасындағы «Сарыарқа Барысы» облыстық іріктеу турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұлттық спорттың мерейін асырған айтулы оқиғаға айналды. Дүбірлі додаға Қарағанды облысының қала-аудандарынан жиналған таңдаулы балуандар қатысып, қазақ күресінің көркін қыздырды. Облыстың 13 командасы бақ сынаған жарыста палуандар «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне жолдама алу үшін өзара күш сынасты.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты ашылу рәсіміне Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев, Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов, қалалық мәслихат төрағасы Ахат Мүслимов және спорт ардагерлері қатысып, балуандарға сәттілік тіледі. Жарыс шымылдығы командалардың салтанатты шеруімен ашылды.



Ұлттық спортты ұлықтаған додада әр белдесу жанкүйерлердің зор қызығушылығын тудызып, тартысқа толы өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Балқашта алғаш рет өткізілген «Сарыарқа Барысы» турнирі қазақ күресін

дамытуға, жас буынның ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттыруға және өңір спортшыларының шеберлігін шыңдауға бағытталған.

Күні бойы жалғасқан белдесулер қорытындысында Бұқар

жырау ауданының спортшысы Ерқанат Молдағұлов қарсыластарының бәрінен басым түсіп, бас жүлдені жеңіп алды. Ол турнирдің түйе балуаны атанып, «Сарыарқа Барысының» арнайы белбеуін иеленді. Және 1 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықты қанжығасына байлады.

Айта кетейік, Ботақара кентінің тумасы Ерқанат Молдағұлов бұған дейін де халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап келеді. Ол алғаш рет құрлықтық деңгейдегі жарысқа қатысып, Өзбекстан, Үндістан, Қырғызстан және Иран балуандарын жеңіп, Азия чемпионы атанған болатын.

Турнирде ІІ орынды Мұхит Қарғабай иеленсе, ІІІ орын Марлен Жанғабайға бұйырды. Жүлдегерлерге арнайы марапаттар мен ақшалай сыйлықтар табысталды. Жарыс қорытындысы бойынша Ерқанат Молдағұлов пен Мұхит Қарғабай «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне жолдама алып, алдағы аламанда Қарағанды облысының намысын қорғайтын болды.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• КЕШ

Саябақтағы сәулелі сәт

Жаздың жаймашуақ кешінде адамдардың ынта-ансары сыртқа ауып тұратыны жасырын емес. Бүгінде кешқұрым Орталық саябақта сөйіл жұрып, серуендеген халықтың қарасы қалың. Дәл осы серуенші қауым күні кеше өнер мен поэзияның гажайып сикырына куә болды. Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық Орталық саябақта ақындар отбасы Ерқанат Кеңесбекұлы мен Салтанат Смағұлтегінің «Жырла, жүрек» атты ән мен жыр кеші өтті.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қара өлеңнің қадірін түсінетін қарағандылықтар бұл кешке көптеп жиналды. Өлеңге сусаған халық жыр мен әнге қатар бөленіп, мағұрланған күй кешті. Кештің сәнін келтірген «Tattimbet Band» ансамблінің сүйемелдеуімен заманауи әндер шырқалып, ақша жамыраған шақ гажайып поэзия кешіне ұласты.

– Бүгін бір тамаша поэзия кеші өтті. Кезінде Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Шаханов сынды ақындар үлкен стадиондарда жыр кештерін өткізгенде, халық нөпірі ерекше болатын. Ол да болса поэзияға деген ықыластың, рухани құндылыққа деген құрметтің белгісі еді. Бүгінде құндылықтар өзгеріп, талғам түрленгенімен, саябақта осындай поэзия кешінің ұйымдастырылып, халықтың рухани сусындағаны қуантады, – деді Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы.

Айтулы өнер кешіне жергілікті қауыммен қатар, еліміздің өзге өңірлерінен де қаламгерлер арнайы ат басын бұрды. Астанадан ақындар Олжас Сәндібек пен Асантемір Қаршыға, Кереку өңірінен Өзгеріс Қуанар келіп, көзім болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл – алғашқы қанатқақты жоба. Алдағы уақытта мұндай рухани кештер жалғасын тауып, өңір ақын-жазушыларының шығармашылығын дәріптеуге бағытталған тұрақты мәдени шараға айналмақ. Саябаққа серуен іздеп келген жұрт жыр тыңдап, әнге елітіп, рухани әсермен тарқасты. Арқа төсіндегі ақшама жүректер жырмен тербелді.

Суретті түсірген
Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

• ӨНЕР ӨРІСІ

Қос мереке құрметіне

Қос мереке – Мемлекеттік қызметшілер және Полиция күндері құрметіне арналып, Қарқаралыда «Адал қызмет – елге құрмет» деген атаумен тамаша концерт ұйымдастырылды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелерді ұлықтауға арналған шараның барысында аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Сайлау Әлиұлы мен аудандық мәслихат төрағасы Саят Оспанов біліктілігін, еңбегін мемлекеттік салаға арнағандар мен полиция қызметкерлерін құттықтап, олардың ел игілігі жолындағы адал еңбектері үшін алғыстарын білдірді. Сондай-ақ, екі саланың бірқатар озат қызметкерлеріне марапаттар табысталды.

Атаулы күндерге арналған іс-шара Қарағандының Таттимбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің «Ауылым – алтын бесігім» атты концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрермендерге рухани қуаныш пен шаттыққа толы көңіл-күй сыйлады. Қос мерекенің салтанаты көпке дейін ұмытылмай, өнерге құштар қауымды шаттыққа бөлейтіні күмәнсіз.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан



• ТУРНИР

Ынталандырған дода

Қарағандының орталық саябағында «KrgTartyluFest» турниріне тартылу турнирі өтті. Спортшылар додасын Қарағанды қалалық жастар ресурстық орталығы «Саламатты өмір салтын таңда» жобасының және «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында ұйымдастырды. Қарағанды қалалық әкімдігі қолдау көрсетті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа Қазақстанның 10 облысы мен 22 қаласынан 200-ден астам спортшы қатысты. Турнирдің жалпы жүлде қоры 1 млн теңге.

Қарағанды қалалық жастар ресурстық орталығының жастар жобасының жетекшісі Заңғар Серіков бұл турнирдің жыл өткен сайын беделі артып келе жатқанын айтты.

– Турнирдің мақсаты – саламатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және жастарды тұрақты түрде дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру. Жалпы, бұл спорт түріне қызығатын жастардың көп екенін айтқым келеді. Турнирге тіркеу



кезінде ұзын-сонар кезек болады. Соған қарап тұрып қуанамыз және осы турнирдің ауқымын кеңейтіп, дамытуға деген ынтамыз артады, – деді Заңғар Серіков.

Турнирде үш салмақ дәрежесі бар. Әйелдердікі абсолютті салмақ дәрежесі. Жарысқа 14-35 жас аралығындағы спортшылар қатыса алады. Бірақ, бұл шартты түрде. Денсаулығында ақауы жоқ, спорттық жаттығуды жасауға қабілеті

мен ынтасы барлар да өтініш бере алады.

Әйелдер арасында Жанна Сүлейменова топ жарды. 67,5 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Сергей Тепляков, 67,5-87,5 салмақ дәрежесінде Бисұлтан Текебаев, 87,5 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Аскарбек Қосбамбет топ жарды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ШАХМАТ

Халықаралық гроссмейстер атанды

Ақтобеде шахматтан халықаралық AktoBe Open турнирі өткен болатын. Оған облыс атынан 17 жастағы шахматшы Даниял Сәпенов қатысып, турнирдің күміс жүлдегері атанды. Әрі халықаралық дәрежедегі гроссмейстер нормасын да орындады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнир барысында жерлесіміз тоғыз кездесу өткізіп, оның төртеуінде жеңіске жеткен. Ал, бес ойында қарсыластарымен тең түскен. Даниялдың осы турнирдегі қарсыластары осал емес. Халықаралық дәрежедегі чемпиондармен де, гроссмейстерлермен де бақ таласты. Тіпті, Еуропа чемпионы Алексей Сарананы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Денис Махнёвті және румыниялық гроссмейстер Александр Мотылевті де жеңді. Нәтижесінде, жерлесіміз тоғыз кездесуде жеңілмей, турнирдің күміс жүлдегері атанды. Әрі гроссмейстер нормасын да сәтті

орындады. Бүгінде Даниялдың рейтингі 2500 ұпайға жақын. Ал, көптеген шахматшы үшін дәл осы көрсеткіш гроссмейстер атағына апарар жолдағы ең күрделі белестердің бірі саналады. Жерлесіміз шахматпен жеті жасынан бері айналысады.

Айта кетейік, Даниял Сәпеннов сәуір айында Сербияда өткен жасөспірімдер арасындағы әлем

чемпионатында рапид түрінен күміс медаль жеңіп алған болатын. Бұған дейін де қарағандылық шахматшы өз жас санатында блицен әлем чемпионы атанып, халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері болған.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан



ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 108

№67 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сөтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ